

**ТУРИЗМ НЕГЕ ТЕЖЕЛДІ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ...**

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



**ДАҒДАРЫС: СЕБЕП ПЕН САЛДАР**

9-БЕТ | ШАРТАРАП

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемшілдік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады. Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершілік-тің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады.


№100
(4533)
Бейсенбі
24 тамыз
2023 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ





# ДОСТЫҚ – БЕРЕКЕ КІЛТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясында «Еліміздің барша азаматының тағдыры жалпыұлттық бірлігімізбен астасып жатыр. Қазақстан – біртұтас ұлт, еліміздегі әрбір этносы достықты, үйлесім мен келісімді нығайтуға өзінің өлшеусіз үлесін қосып отырған команда деп айтуға болады. Біз бәріміз бір ел болып, татулық пен тұрақтылықты сақтау үшін еңбек етеміз» деп атап өткен. Осы орайда елордадағы Достық үйінің жұмысын бірлік пен берекенің құтты шаңырағы деуге негіз бар.

## ТАЛАПТЫҒА ЖҰМЫС БАР

Бүгін елордадағы Жастар сарайында сағат 14:30-дан 17:00-ге дейін бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді.



Астана қаласының еңбек мобильділігі орталығы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру шеңберінде тоғыз басты шараны іске асырады. Орталық мәліметі бойынша қазіргі таңда елордада 5500-ден астам бос жұмыс орны бар. Жұмыспен қамту аясында «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағдарламасы азаматтарды бір жылға жұмысқа орналастырады. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері, сондай-ақ оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар үшін «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы ұсынылады. Сонымен қатар «Ұрпақтар келісімшарты» және «Күміс жас» бағдарламалары бойынша жұмысқа орналастыру қарастырылады.

Бұл – жыл басынан бері ұйымдастырылған 27-нші жұмыс жәрмеңкесі.

## МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІ КӨБЕЙДІ

Елордада мектеп жәрмеңкесі үшін қосымша орын ашылады.

Қосымша мектеп жәрмеңкесі 25-27 тамыз күндері Алаш тасжолы, 31/1а мекенжайында, сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді. Ұйымдастырушылар мектеп тауарларының бағасы нарық бағасынан төмен болатынын мәлім етті.



**Биыл елордада 12 тамыздан бастап мектеп жәрмеңкелері жұмысын бастады. Олар мына мекенжайларда өтіп жатыр:**

**Нұра ауданы:** Астаналық цирк тұрағы;
**Байқоңыр ауданы:** «Тұлпар» сауда үйі мен «Аймақ-Тау» сауда үйінің тұрағы;
**Сарыарқа ауданы:** Demalys Promenade аллеясы мен Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 14;
**Есіл ауданы:** Ботаникалық бақ тұрағы;
**Алматы ауданы:** Абылай хан даңғылы.

Жәрмеңкелерге әр сенбі мен жексенбі күндері айдың соңына дейін сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін баруға болады.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Астана қаласы Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының ұйымдастыруымен Конституция күніне орай бәйге түрлерінен республикалық турнир өтеді.




## АЛАМАН БӘЙГЕ ӨТЕДІ

Мерекелік жарыста 11 шақырымдық «ұшқыр» бәйге, 18 шақырымдық «топ» бәйге және 25 шақырымдық «аламан» бәйге бойынша сайыс болады. Жарыстың жалпы жүлде қоры – 20 миллион теңге.

Сәйгүліктер сайысы 30 тамыз күні «Қазанат» ипподромында сағат 11:00-де басталады.

Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары! Қазақстанның барлық өңірінен келіп, Ұлы даланы ат дүбіріне бөлейтін бәйгені көріңіздер, жанкүйер болыңыздар. Кіру тегін.

№100 (4533) 24/08/2023 Бейсенбі



# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАРЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевты қабылдады. Президентке Маңғыстау облысының биылғы 7 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және алдағы жоспарлары баяндалды.

Нұрлан Ноғаев Мемлекет басшысына есепті кезең ішінде өңірде жалпы сомасы 5,3 миллиард теңге болатын 6 инвестициялық жоба іске қосылғанын айтты. Жалпы қаңтар-шілде айларында өңірдің негізгі капиталына бағытталған инвестиция көлемі 523 миллиард теңгені құрады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына ауызсу тапшылығын шешуге қатысты тапсырмасының орындалу барысы туралы мәлімет берілді. Бұл мәселені кезең-кезеңімен шешу үшін облыста 2025 жылға дейін 6 жоба жүзеге асады. Нәтижесінде тұщы судың көлемін 146 мың текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік туады.

Сондай-ақ Президентке Ақтау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру және инженерлік инфрақұрылымын қалыпқа келтіру, Маңғыстау атом энергетикалық комбинатына (МАЭК) күрделі жөндеу жүргізу мәселелері жөнінде баяндалды.

МАЭК-ке жөндеу жұмысын жүргізу үшін биыл 9,4 миллиард теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде 6,8 миллиард теңге МАЭК-тің инвестициялық бағдарламалары аясында, ал 2,6 миллиард теңге Маңғыстау облысы әкімдігінің резервінен бөлінді. Бұған қоса, Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет резервінен қажетті қондырғыларды сатып алу үшін 4,9 миллиард теңге қаржы қарастырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы облыс әкіміне Маңғыстау өңірі энергетикалық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары аясындағы міндеттерді іске асыруды тапсырды.

# ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕР ЖАЙЫ ҚОЗҒАЛДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жуырда елордадағы жекеменшік мектеп басшыларымен кездесті. Жиында мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы, оларды қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету, білім беру қызметін лицензиялау, медицина және мамандарды даярлау бойынша маңызды сұрақтар талқыланды.

Қазіргі таңда елордада 69 жекеменшік мектеп бар, онда білім алушылардың саны – 35 мың.

«Ең бірінші кезекте балалардың қауіпсіздігі маңызды. Әр оқу орны цифрлы бейнебақылаумен және жедел басқару орталығына қосылған дабыл түймесімен, турникеттермен, лицензияланған күзетпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Кездесуде айтылған баяндамаға сай, 27 мектеп дабыл түймесімен және бейнебақылаумен жабдықталмаған. Осыған орай, мектеп басшыларына қыркүйек айына дейін тиісті жұмысты жүргізуді тапсырдым. Бұл мәселені ерекше бақылауда ұстаймыз» деді Е.Байкен өз сөзінде.

Сондай-ақ ол педагогтардың аттестаттаудан өтуіне, яғни біліктілік санатын арттыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты. Бүгінгі таңда мамандарды даярлау қаланың 32 колледжінде, оның ішінде 23 жекеменшік колледжде жүзеге асуда. 17 жекеменшік колледжде техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған.

Жиында талқыланған сұрақтардың барлығы өзекті. Алдағы уақытта да жекеменшік мектеп директорларымен кездесу жүйелі түрде жүргізілмек.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

# БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ – ДЕПУТАТТАР БАҚЫЛАУЫНДА

Жуырда қалалық коммуникациялар қызметіндегі басқосуда Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов елордадағы әлеуметтік мәселелердің шешілуі туралы айтып, толыққанды ақпарат берген болатын. Біз осы жиында жария етілген мәселелерге тоқталғанды жөн көрдік.

### ДЕПУТАТТАРДЫҢ САНЫ КӨБЕЙДІ

Мәслихат төрағасы қазіргі бас қаладағы түйіні тарқатылмаған мәселелердің барлығы депутаттардың бақылауында екенін мәлім етті.

«Елордада, халық санының өсуін ескере отырып, депутаттар саны артты. Қазір қалалық мәслихатта 34 депутат бар. Олардың жартысы бір мандатты округтер бойынша, екіншісі партиялық тізімдер бойынша сайланды. Бізде түрлі партиялардың өкілдері бар: Amanat, «Ақ жол», «Байтақ» және «Қазақстанның халық партиясы». Бір мандатты округтер бойынша сайлаушылар алдында 17 депутат жауапты. Бірінші кезекте халықпен кездесулерде айтылған мәселелер бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Негізінен, бұл коммуналдық-тұрмыстық мәселелер: қоғамдық көліктің жұмысы, абаттандыру, көгалдандыру, қоқыс шығару және т. б. Яғни тұрғындар жайлы өмір сүру ортасын қалайды» деді Е.Каналимов.

Қалған депутаттар партиялық бағдарлама бойынша Жол картасын іске асыруға бекітілген. Әрбір депутат – өз қызмет саласындағы маман. Көбісі басшылық лауазымдарда қызмет атқарады. Депутаттыққа келетін болсақ, олар мұнда мүлдем еңбегіне ақы алмағанмен, қоғамға пайда әкелуге деген ұмтылысы біріктіреді.

«Жаңа шақырылымның жұмысына келетін болсақ, тұрақты комиссия мүшелері алғашқы айда қаладағы мәселелермен танысты. Барлық мемлекеттік құрылымдардың қызметін, ондағы мәселелерді шешу жолдарын бірлесіп табуға жұмылдырылды. Алғашқы отырыстардың бірі елорда әкімі мен аудан әкімдерінің қатысуымен өтті» деп жалғады сөзін спикер.

«Қала басшысы мен аудан әкімдері кездесуде алдағы жылға арналған абаттандыру жоспарларымен бөлісіп, қоғамдық кеңістіктер қай жерде құрылатынын, қандай көшелер жөнделетінін, биыл балалар үшін қанша аулаға спорт алаңдарымен жабдықтау қажеттігін айтты. Тозығы жеткен және апаттық тұрғын үйлерді бұзу, инженерлік желілерді салу және тұрғын алаптарда инфрақұрылымды дамыту, қаланың шалғай учаскелерінде аялдама павильондарының жетіспеушілігі және тағы басқа мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталды. Осы мәселелердің барлығы қазір депутаттардың бақылауында» деді мәслихат төрағасы.



### ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Ерлан Каналимов жиында денсаулық сақтау саласын дамыту бойынша үш жылдық кезеңге арналған іс-шаралар жоспарына қол қойылғанын мәлімдеді.

«Тұрғындардың денсаулық сақтау нысандарының жағдайына қатысты көптеген өтініші мен шағымы болды. Бір жыл ішінде 10 нысан жөндеуден өтті. №4, 5, 8 емханалардың ересектерге арналған корпусы осыған мысал бола алады. Қазір №1 қалалық балалар ауруханасының жөндеу жұмысы аяқталуда. Сондай-ақ, көпсалалы қалалық ауруханаларды жөндеу жоспарлануда. Әрине, материалдық жабдықтау мәселесі де назардан тыс қалмайды. Ол үшін жаңадан жабдықтар сатып алу қажет. Сонымен қатар өткен жылы жаңа форматтағы 160 жедел жәрдем көлігі сатып алынды. Денсаулық сақтау жүйесі жыл сайын жақсарып келеді деп айта аламын. Алайда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне, жеке шешімді қажет ететін аурулардың түрлері бойынша мәселе бар» деді спикер.

Мәслихат төрағасы қалада туу көрсеткіші өте жоғары екенін және үш қалалық перзентхананың босанатын әйелдер ағынына төтеп бере алмайтынын, сондықтан перинаталдық орталығы бар жаңа, төртінші перзентхана салу туралы шешім қабылданғанын атап өтті. Сарыарқа ауданының тұрғындарына арналған толыққанды аурухананы жобалау бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын да төраға қадап айтты.

«Емханалар жүйесінде елеулі жұмыс жүргізілуде. Азаматтар өтінішінің 75 пайызын солар қабылдайды, ал қалғаны тікелей ауруханаларға барады. Бірқатар емхана бар, мысалы, олар 30-35 мың адамға қызмет көрсетуі керек, ал іс жүзінде 90 мың тұрғынға көмектеседі. Сондықтан емханалардың жүктемесін жеңілдетуге көмектесетін 5 жеке емхана салу туралы шешім қабылданды» деп жалғады сөзін спикер.

### ЖОЛАҚЫ ҚЫМБАТТАЙ МА?

Ерлан Каналимов қоғамдық көлікте жүру ақысын көтеру туралы мәселені депутаттар келер жылы қарастыруы мүмкін екенін айтты. Демек, биыл елордада қоғамдық көліктегі жолақы қымбаттамайды.

«Жыл соңына дейін қоғамдық көлікте жол жүру құнын қымбаттатуды қарастырмаймыз. Мүмкін келесі жылы қаралатын шығар. Мұнда 90 теңге жол жүру құнын 9 жыл бойы сақтап келе жатқанымызды түсінулеріңіз керек. Осы жылдары жанар-жағармай, бөлшектер, жабдықтар қымбаттағанына қарамастан, қоғамдық көлікте жол жүру құны өзгерген жоқ. Дегенмен әзірге бұл мәселені қарастырмаймыз» деді ол.

Алайда төраға келесі жылы жол жүру ақысы қымбаттауы мүмкін екенін айтты.

«Нарық жағдайын, нарық конъюнктурасын, осы саланың жай-күйін ескере отырып, мұны келесі жылдың басында қарастыратын шығармыз, бірақ әзірге жол жүру құнын арттыру туралы әңгіме жоқ» деді ол.

### ҰЛТТЫҚ ПАНТЕОНДА ОРЫН БАР МА?

Мәслихат төрағасы ұлттық пантеонға қатысты сауалға жауап беріп, ол жерде орын жоқ деген әңгімені теріске шығарды.

«Пантеон жобасы әлі аяқталған жоқ, қазіргі уақытта жобаның бірінші бөлігін іске қосу жұмысы аяқталып жатыр. Сондықтан бірінші жоба аясында біз ол жерге бардық, көшпелі кеңес жасадық. Бүгінгі таңда пантеон бойынша төрт орын емес, 40-тан астам орын бар» деп түсіндірді ол.

Пантеон бойынша Үкіметтің қаулысымен бекітілген жеке ереже мен тәртіп бар.

«Бұл жерде резонанстық шу көтерудің қажеті жоқ. Пантеон басқа елдерде де бар. Бұл – стандартты процедуралар. Бұл – мемлекеттік ауқымдағы мәселелер, өйткені мұндай пантеондар ТМД елдерінде, Мәскеуде, Бакуде және басқа да қалаларда бар. Бәлкім, пантеонның атауын басқаша қоюды ойластыратын шығармыз. Бірақ бұл министрлікпен және әкімдікпен бірлесіп талқыланады. Жобаны іске асыру бойынша жұмыстар одан әрі жалғасады» деп толықтырды сөзін спикер.

### ШЕТКІ АЙМАҚТА НЕ ЖОҚ...

Депутаттық корпустың күш-жігерінің көп бөлігі елорданың 16 тұрғын алабының тұрғындары үшін қолайлы жағдайларды жақсартуға бағытталған.

«Біз шет аймақтардағы өмір сүру жағдайлары қала орталығынан өзгеше болмауы керек деп санаймыз. Мұнда жайлы мектептер, балабақшалар, ойын-сауық орталықтары, спорт кешендері және тағы басқалар болуы керек. Айтпақшы, биыл «Үркер» тұрғын алабында дене шынықтыру және сауықтыру кешені ашылды, онда спортпен шұғылданып қана қоймай, ХҚКО, полиция пункті, қарттарға арналған қызығушылық клубы, балаларды қысқа мерзімге қалдыратын бөлмелер және тағы басқалар қарастырылған» деді Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, дәл осындай кешен жақын арада теміржол вокзалында ашылады. Келесі жылы «Оңтүстік-шығыс» пен «Көктал» шағын аудандарындағы осындай дене шынықтыру және сауықтыру кешендерін жобалау жұмысы басталады.

### КӨШЕ АТАУЛАРЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?

Ерлан Каналимов елорда тұрғындарын толғандырған сұрақтарға да жауап берді. Соның ішінде алдағы екі-үш жылда елорда көшелерінің атын өзгертуге қатысты да сұрақ қойылды.

«Бізде сандармен белгіленген және өз коды бар көптеген жобалық көше бар. Көшелерді бекітудің немесе қайта атаудың арнайы тәртібі бар. Яғни қаланың ономастикалық комиссиясы алқалы түрде шешім қабылдайды, содан кейін қоғамдық тыңдау өтеді, содан кейін қоғамдық кеңес өткізіледі, содан кейін құжаттар республикалық ономастикалық комиссияның қарауына жіберіледі. Осыдан кейін ғана атау рәсімдері тағайындалады. Бұл процедура оңай емес, әрқашан даулы мәселелерді туғызады. Алайда географиялық атаулардың және ел тарихында ойып орын алатын мемлекет қайраткерлерінің арнайы бекітілген тізімі бар» деп сөзін түйіндеді ол.



# ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ҚАЙТА ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Кеше «Астана – аймақтық электржелілік компаниясы» акционерлік қоғамы нысандарына барып, атқарылған жұмыстарды көрдік. Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті ұйымдастырған баспасөз турына қалалық мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Алдымен делегация мүшелері Л.Мирзоян 29П мекенжайындағы «ПНФ» қосалқы стансасына барды. Алматы ауданындағы бірнеше көшені электр энергиясымен қамтамасыз ететін стансаны қайта құру жұмысы жүргізілді.

– Акционерлік қоғам елорданы үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында 2021-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама қабылдады. Оның шеңберінде электр желілері мен стансаларды жаңартуға 23 миллиард теңге қарастырды.

2023 жылға 4,5 миллиард теңге қаралса, соның 1,7 миллиард теңгесі игерілді. «ПНФ» қосалқы стансасы – сондай нысанның бірі. Бұл объект 1985 жылдың басында іске қосылды, соңғы рет қайта құру жұмысы 2008 жылы жүргізілді. Бұл стансаға 663 млн теңге қаралып, оған трансформаторлар орнатылып, бейнебақылау жүйесі монтаждалды, өрт дабылы орнатылды, тоқ өткізгіші монтаждалды, кірме ұяшықтары ауыстырылды. Нәтижесінде 40 МВА трансформаторлары неғұрлым қуатты 63 МВА-ға ауыстырылды, – деді компания басқарма төрағасының орынбасары Руслан Абжанов.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру арқылы электр желілерінің тозуын және апат жағдайын азайту, энергияның нормативтік ысырабын 10,7 пайыздан 9,8 пайызға қысқарту көзделіп отыр.

Екінші нысан – Тәуелсіздік даңғылы мен Күйші Дина көшесінің қиылысындағы 502-трансформаторлық шағын стансасы. Мұнда транформатордың қосымша бөлшектері ауыстырылды.

Одан кейін делегация Ш.Құдайбердіұлы көшесіндегі «Орталық» шағын стансасына барды. 1983 жылы құрылған стансада жаңарту жұмысы қарқынды жүруде.

– Бұл стансада ТРДН 40000 2-күш беретін трансформаторы ауыстыру талап етілді. Т1 қызмет ету мерзімі – 40 жыл, Т2 – 49 жыл. Оның жалпы қуаты – 63 кВ. Одан бөлек, әкімшілік ғимарат жөнделеді. Бұған 908 млн теңге ақша бөлінді. Жөндеу жұмысы жыл соңына дейін аяқталады, – деді Руслан Абжанов.

Астана қаласындағы электр энергиясы желісі 33 пайызының тозығы жеткен. Биылғы жаңарту жұмысының нәтижесінде тозығы жеткен желіні 1 пайызға қысқартады екен. Егер елорданың ұлғайып, жаңадан тұрғын үйлер салынып жатқанын ескеретін болсақ, бас қаланың басты мәселесі электр энергиясына деген тапшылықты шешу болады.

# ДІН СПОРТҚА ТҰСАУ ЕМЕС



Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты мекемелердің қызметкерлері арасында «Дін және спорт» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Спортшылардың дін мен кәсіп арасындағы байланысын қалай үйлесімді ету, сондай-ақ, мемлекет, ел алдындағы міндетін абыроймен ада ету барысындағы құлшыныс пен құлшылық арасындағы мәселелерді шешуге келелі кеңес беріп, дұрыс жол нұсқау мақсатында өткізілген бұл шараға Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, Астана қалалық діндерді зерттеу орталығының теологы Исатай Бердалиев және спикер ретінде шақырылған Ырысқелді қажы мешітінің бас имамы, теолог, белгілі дінтанушы Нұрлан Байжігітұлы қатысты.

– Қазіргі таңда Астана қалалық діндерді зерттеу орталығында 15-ке жуық дінтанушы, теолог маман жұмыс істейді. Мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде діни экстремзмнің алдын алу және оған қарсы тұру тұрғысынан үзбей үгіт-насихат жүргізіп келеді. Бүгінгі шара да сондай мақсатта ұйымдастырылып отыр. Жалпы ақыл мен қайрат, мәдениет пен білім ұштасқанда ғана адам тура жолдан азбайды, – деп атап өтті алдымен сөз алған Исатай Бердалиев.

Дін мен спорттың байланысынан бастап сөз қозғаған Нұрлан имам спортшылардың жүрегінде жеке құлшылықтан ел мен жердің аманаты, сенімі қашанда биік тұруы керек екенін атап өтті.

«Дін мен спорт бір-біріне қайшы емес, бір-бірін шектемейді. Керісінше, бір-біріне жағымды жақтан ықпал етеді. Спортқа көбінде рухы күшті, өз алдына берік мақсат қойған адамдар келеді, құлшылық та солай, ол да адамдардан берік мақсатты талап етеді. Біздің кейбір азаматтарымыз «мен дінге келдім» деп спорттан кетіп қалады немесе әнұранға құрмет қылмайтын, әнұран орындалғанда орнынан тұрмайтын жағдай да төбе көрсете бастады. Бұл дұрыс емес. «Ораза ұстадым» деп жаттығуды тоқтатып, мемлекеттің, елдің өзіне жүктеген сенімін екінші орынға сырып қоятын спортшылар да бар. Бұл дұрыс емес, олардың бұл әрекеті дінді жағымсыз етіп көрсетіп жатыр. Сондықтан мұндай мәселелерге келгенде абайлаған дұрыс болады» деді дінтанушы-теолог.

Сонымен қатар құлшылық пен құлшыныстың, наным мен мақсаттың байланысы жөніне де тоқталған Нұрлан Байжігітұлы спортшыларды қашанда исламға тән әдептен аттамауға, көркем мінезді болуға, құлшылықты бет-бедел үшін пайдаланудан, спортты әлімжеттік жасауға қолданудан аулақ болуға шақырды.

Еркін форматта өткен кездесуде қатысушылар өзін толғандырған мәселелер жөнінде баспасөз мәслихатының спикерлеріне сұрағын қойып, жауап алды.

# ТАБЫС ТАБУҒА МҮМКІНДІК

Астана қаласының әкімдігі елорда тұрғындарын халықтың табысын арттыруға және жұмыспен қамтуға бағытталған «Joltap» жобасына қатысуға шақырады.

«Joltap» жобасы – бұл Астана тұрғындары үшін табысын арттыруға және тұрақты табыс табуға ұмтылатын мүмкіндіктердің кешенді әлеуметтік бағдарламасы. Жоба Мемлекет басшысының белсенді және привентивті әлеуметтік саясат қажеттігін атап өткен тапсырмаларын орындау аясында жүзеге асырылып жатыр. Жалпы жоба құралдары – қазіргі әлеуметтік реформаларға тиімді қосымша.

Жобаның мақсаты – халық табысының өсуі үшін мүмкіндіктерді таңдауға көмек көрсету. Адам көп жиналатын орындарға «Баршаға мүмкіндік» модульді пункттерін орналастыру арқылы жоба мұқтаж азаматтардың табысын арттыру және өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін мемлекеттік және қосымша қолдау шараларын міндетті түрде ұсынады. «Joltap» жобасының барлық сұрағы бойынша күн сайын сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін +7-707-221-31-31 нөмірі бойынша call-орталыққа хабарласуға болады.

# СУАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ САЛЫНАДЫ

Елордада жергілікті суару жүйелері салынады. Бұл жасыл желектерді суаруды жақсартуға мүмкіндік береді. Сол арқылы ағаштарды, бұталарды және гүлдерді суару сапасы жақсарады.



Қазіргі уақытта қаланың жасыл желегі екі жолмен суарылады: қолмен (суару машиналары) және автоматтандырылған суару жүйелері. Жергілікті суару жүйелері мен ұңғымалар қаланың 56 саябағы мен алаңының аумағына орнатылды. Бірқатар саябақтың аумағында жергілікті суару жүйелерін орнату жұмысы жүргізіліп жатыр. Суару мәселелерін Нұра-Есіл каналынан, Есіл және Ақбұлақ өзендерінен құбыр тарту, сондай-ақ терең ұңғымаларды бұрғылау жолымен шешу жоспарланып отыр.

Биыл Ақбұлақ өзенінен Қ.Сәтбаев көшесіне дейін ұзындығы 1200 метр болатын жергілікті суару жүйесі орнатылған құбыр тартылды. Жамбыл Жабаев ескерткіші аумағында, Ж.Тәшенов, А.Пушкин көшелерінде суару жүйесі орнатылды, оған Ақбұлақ өзенінен су алынады. Сондай-ақ Ботаникалық бақтың су қоймасынан Салтанатты қақпаға дейін құрылыс-монтаждау жұмысы және Мәңгілік ел көшесі бойында құбыр тарту жұмысы жүргізіліп жатыр. Ұлы дала және К-1 көшелерінде Нұра-Есіл каналынан су тарта отырып, магистралдық құбыр тарту жұмысы жүргізілуде. Бұдан басқа, келер жылы 100 суару жуу техникасын сатып алу жоспарланып отыр, бұл жасыл желектерді суаруды жақсартуға мүмкіндік береді.

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2023 жылғы қыркүйектің екінші онкүндігінде «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды іске асыру. Ескі тұрғын үйді бұзу, жалға берілетін тұрғын үй. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

**Е.КАНАЛИМОВ,**
**Астана қаласы мәслихатының төрағасы**

# ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕНДЕР ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бас қалада бұрын сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу мәселесі арнайы конференцияда талқыланды. Жиынды Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының қолдауымен «Оңалту технологиялары және тұжырымдамалары» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Аталған қор «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында түрмеде отырып келгендерді оңалту бойынша қызмет көрсету» деген жобаны жүзеге асырады. Бүгінге дейін қор қызметіне 410 адам жүгінген. Оның ішінде 84 адамға әлеуметтік көмек көрсетілген. 124 азамат жұмысқа орналасып, 15 адамға құқықтық көмек берілген, ал 20 адам жеке кәсібін ашқан. Астана қаласы ПД полиция қызметінің аға инспекторы Ұлбике Әбілқасымова аталған департаменттің бұрын сотталғандарды қоғамға әлеуметтік бейімдеу және жұмысқа орналастыруға қолдау білдіріп келе жатқанын айтты.

– Бұрын жазасын өтеп келгендердің қайтадан қылмысқа бармауы және оларды әлеуметтік бейімдеу үшін халықты жұмыспен қамту орталығына олардың және есепте тұрғандардың тізімі тұрақты түрде жіберіліп тұрады. Бүгінгі таңда ҚР заңнамасында нақты бір мерзімде жұмысқа орналастыру, шартты мерзімінен бұрын босатылғандарға қатысты тұлғалардың міндеттемелері қарастырылмаған. Қазіргі заманда басында баспана болғаны өте маңызды. Алайда ұзақ жыл түрмеде отырып келгендер пәтерінен айырылып, бостандыққа шыққаннан кейін мұрагерлікті рәсімдей алмайды, жекеменшікке өткізе алмайды, сөйтіп үйсіз қалады. Соған байланысты оларды Тұрғын үй қорына кезекке қойып, әлеуметтік қонақ үймен қамтамасыз еткен жөн, – деді полиция қызметінің инспекторы.

Астана қаласының Достық үйі алғашқы мерейтойын атап өтті. Осыдан 5 жыл бұрын жұмысын бастаған Достық үйінде 23 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ал «Алтын күн» балалар патриоттық ән фестивалі, жыл сайынғы «Жастар жолы» көшпелі жастар лагері, киелі орындарға сапарлар, «Этнос күндері» циклінің іс-шаралары, «Ассамблея. Тұлға. Тағдыр» жобасы сияқты ауқымды іс-шаралар визиттік картасына айналды.




# ДОСТЫҚ ҮЙІ – МӘДЕНИЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР

Астана 1998 жылы Қазақстанның астанасы ретінде қалыптасқан сәттен бастап этносаралық татулық пен келісім дәстүрлері берік болған түрлі этнос өкілдері тұратын және жұмыс істейтін қала ретінде белгілі. Ал 2018 жылы елорданың 20 жылдығына орай Ассамблеяға сыйға тартылған Достық үйі – бүгінде Қазақстанның көп қырлы мәдениеті мен көрмесінің бірлігі.

Достық үйінің 5 жылдығы біздің сүйікті астанамыздың 25 жылдығымен тұспа-тұс келді. Мерейтой аясында осы екі маңызды күнге арналған көптеген іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде елорданың этномәдени бірлестіктерінің, діни қызметкерлердің, мәдениет, ғылым және спорт қайраткерлерінің өкілдерін, сондай-ақ өз қаласының тағдырына бей-жай қарамайтын елорданың белсенді азаматтарын жинаған Қазақстан халқы қалалық Ассамблеясының XXI сессиясы.

Бүгінде Достық үйі мәдениетаралық ынтымақтастықтың, түсiнiстiктiң, диалогтар мен кездесулердің шынайы символына айналды. Мұнда әркім әр түрлі этностардың мәдени мұрасының байлығы мен алуан түрлілігіне бой алдырып, көкжиегін кеңейтіп, жаңа біліммен байыта алады.

Достық үйінің басты міндетінің бірі – әртүрлі этностар мен конфессиялар өкілдері арасындағы толеранттылық, өзара түсіністік және ынтымақтастық идеяларын ілгерілету. Мұнда әркім өзін-өзі көрсетуге, тәжірибе алмасуға және жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндіктер таба алады.

56 шығармашылық ұжым, 10 этнолингвистикалық бірлестік, Ғылыми-сараптамалық топ, Аналар кеңесі, Астана қаласындағы «Жастар Ассамблеясы» РҚБ өкілдігі, Ақсақалдар кеңесі, «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылық орталығы, қазақ ситуациялық «Мәміле» клубы, «ANK Live» тікелей эфир студиясы, дыбыс жазу студиясы, медиа-орталық, Жастар қанатына арналған коворкинг сияқты барлық қызмет салаларын қамтитын тармақталған құрылымдар жинақталған.

Барлық құрылымдар қоғамдық қызметте өз кәсібін тапқан және бейбітшілік, жасампаздық пен толерантты сана идеяларын дамытатын бей-жай қарамайтын адамдарды біріктіреді. Достық үйінің маңызды бағытының бірі – іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: дәстүрлі халықтық мерекелер, фестивальдер, концерттер, дөңгелек үстелдер, көрмелер мен семинарлар. Жыл басынан бері 67 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде: халықаралық – 5, республикалық – 4, қалалық – 58.

Елордадағы барлық этнос өкілдерін біріктіретін мерекелер – әз-Наурыз мейрамы, Алғыс айту күні. Наурыз мейрамы қазақ халқының айналасындағы этностардың бірлігі мен ұйымшылдығын көрсете отырып, этностардың түрлі мәдениеттерінің, тілдерінің, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының жарқын палитрасын көрсетеді. Достық үйінің алаңы мен түрлі мәдени-ойын-сауық бағдарламасы, спорттық жарыстар, мереке күні ұйымдастырылған халықтыққолданбалы өнер көрмесі дәстүрлі түрде елорда тұрғындары мен қонақтарын көп жинайды. Адамдардың санасында қазақ жері мен халқына алғыс белгісі ретінде берік орныққан Алғыс айту күні еліміздің әрбір адам жүрегіне жақын ең маңызды мерекелерінің біріне айналды. Мереке қарсаңында елордалық Ассамблея үшін қайырымдылық акциясын өткізу және емделуге мұқтаж балаларға қаражат жинау, жалғызбасты адамдардың үйін қардан тазартуға көмек көрсету, сондай-ақ жыл сайынғы концерттік бағдарлама және «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қонақтарын ұлттық тағамдармен емдеу дәстүрге айналды. Іс-шараның мақсаты – халықтың әлеуметтік осал топтарына назар аудару және аға буын өкілдеріне қамқорлық көрсету.

**Достық үйінің басты міндетінің бірі – әртүрлі этностар мен конфессиялар өкілдері арасындағы толеранттылық, өзара түсіністік және ынтымақтастық идеяларын ілгерілету. Мұнда әркім өзін-өзі көрсетуге, тәжірибе алмасуға және жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндіктер таба алады**

Достық үйінің қайырымдылық қызметін де атап өтпеске болмайды. «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы, елордалық Ассамблея мүшелері аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, егде жастағы адамдарға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға көмек көрсету мақсатында тұрақты түрде қайырымдылық акцияларын өткізеді.

Сонымен қатар, елордалық ҚХА еріктілері жыл сайын жалпықалалық сенбіліктер мен ағаш отырғызуға қатысады, барлық қалалық және республикалық қайырымдылық акцияларына атсалысып, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көмек көрсетеді. Мұның бәрі – Достық үйінің қабырғасында және одан тыс жерлерде жүргізілетін жұмыстың аз ғана бөлігі. Бұл шараларға қатысқандардың барлығы бірнеше рет өздерінің ұйымшылдығы мен ауызбіршілігін көрсетті.

Сондай-ақ, Қостанай облысындағы төтенше жағдай мен Абай облысындағы орман өрті бәріміздің есімізде. Айта кететін жайт, осы уақытта Достық үйінің жанынан жедел штаб құрылып, қала Ассамблеясының мүшелері азық-түлік, төсек-орын жабдықтары мен қажетті заттарды жинауды ұйымдастырды. Қостанай облысына 40 тоннаға жуық гуманитарлық көмек, ал Абай облысына өрттен зардап шеккендерге 2,5 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жіберілді. 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ғана 5 қайырымдылық акциясы өткізілді, оның шеңберінде мұқтаж жандарға 48306 теңге сомасында көмек көрсетілді.

Мектеп жасындағы балалар да елордалық Ассамблеяның назарынан тыс қалмайды. Қазіргі уақытта жыл сайынғы «Мектепке жол» республикалық акциясына дайындық жүріп жатыр. Мемлекеттік тілді оқыту мәселесі де назарда. Этномәдени орталықтардың өкілдері үшін еркін сөйлеуді қалыптастыру мақсатында «Мәміле» ауызекі қазақ тілі клубы жұмыс істейді. 4 жылдан бері жұмыс атқарып келе жатқан курс форматы үнемі жаңарып, тақырыбы кеңейіп, оқыту әдісі жетілдірілу үстінде.

Достық үйі халықаралық байланыстарды нығайтуда да маңызды рөл атқарады. 5 жыл ішінде Достық үйінің қабырғасында Болгария вице-президенті Илияна Йотова, Нельсон Манделаның немересі, Тембикеле Мандела Ндилека қорының басшысы, Италия, Ресей Федерациясы, Армения, Ингушетия, Әзербайжан, Өзбекстан, Беларусь парламенттерінің спикерлері мен депутаттары, Помор академиясының (Польша) өкілі Дорота Сметана-Боловко, Башқұртстан Республикасының басшысы Хабиров Р.Ф. болды.

Ағымдағы жылдың мамыр айында Сингапур Президенті Халима Якоб бастаған шетелдік делегация Достық үйіне келді. Қонақтарды Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және ҚХА-ның басқа да өкілдері қарсы алды. Дөңгелек үстел аясында құрметті қонақтарға Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық қатынастарды үйлестірудің маңызды институты ретіндегі қызметі таныстырылды. Халықтық дипломатия мәселелері бойынша өзара әрекеттердің қазіргі жай-күйінің кейбір аспектілері, этносаралық келісім, азаматтық бейбітшілікті нығайту, екі ел халқының гуманитарлық байланыстарын дамыту жөніндегі іс-шаралар талқыланды.

5 жылдық мерейтой өткен күні Достық үйіне Төраға Нұрланбек Шакиев бастаған Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеш делегациясы келді. Ресми сапар барысында парламентшілер ҚХА қызметімен танысып, мекеме қабырғасында жүргізіліп жатқан жұмысты жоғары бағалады. Мұндай кездесулер Достық үйінің этносаралық қатынастарды ғана емес, мемлекетаралық байланыстарды нығайту алаңы ретіндегі маңызды рөлін көрсететініне сенімдімін. ҚХА-дан сайланған депутаттық корпуспен тығыз өзара іс-қимыл жүзеге асырылады. Астана қаласынан сенаторлардың қазіргі «бестігіне» кіретін Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді мүшесі Е.А.Больгерт ұсынылды.

**56 шығармашылық ұжым, 10 этнолингвистикалық бірлестік, Ғылыми-сараптамалық топ, Аналар кеңесі, Астана қаласындағы «Жастар Ассамблеясы» РҚБ өкілдігі, Ақсақалдар кеңесі, «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылық орталығы, қазақ ситуациялық «Мәміле» клубы, «ANK Live» тікелей эфир студиясы, дыбыс жазу студиясы, медиа-орталық, Жастар қанатына арналған коворкинг сияқты барлық қызмет салаларын қамтитын тармақталған құрылымдар жинақталған**

Достық үйіне жұмыстың жаңа түрлерін енгізу мақсатында дыбыс жазу студиясы мен «ANK Live» тікелей эфир студиясы ашылды. Этномәдени бірлестіктердің шығармашылық әлеуеті де дамуда. Қазіргі таңда елордалық Ассамблеяның бет-бейнесі 56 шығармашылық бірлестік ұжымынан тұрады. 2019 жылы олардың бесеуі – «Чен-Рю» корей хоры, «Раздолье» казак ансамблі, Н.Литошко атындағы украин хоры, «Вайнах» шешен-ингуш ансамблі, «Дуслык» татар-башқұрт ансамблі – «халық» атағын алды. Шығармашылық ұжымдардың елордада ғана емес, шетелде де жетістіктері жоғары. «Вайнах» халықтық шешен-ингуш ансамблі болгариялық Обзор қаласында өткен «Берег танца» халықаралық хореографиялық өнер фестивалі-байқауының бірінші маусымына қатысты. Ұжым ең жоғары марапат – фестиваль гран-приіне ие болды.

Әрине, біз осы керемет ұйымның бастауын қолдаған және оның бастамасында тұрған барлық адамның қосқан үлесін атап өтуіміз керек. Олардың қажырлы еңбегі мен жұмысының арқасында бүгінде Достық үйі бір үлкен отбасы ретінде өмір сүреді. Әр отбасындағы сияқты, онда да барлығы қатаң сақтайтын ұйымшыл жатақхананың айтылмаған ережелері бар: бұл – бір-біріне көмектесу, ресурстарды қайырымдылық мақсаттарға шоғырландыру, халықтық дипломатия, мәдениетаралық өзара іс-қимыл.

Сөзсіз, біз өз жұмысымызда еңбек ардагерлері мен ҚХА әлеуетін міндетті түрде пайдаланамыз. Елордалық Ассамблея ардагерлері арасында этномәдени орталықтарын құру бастауында тұрған және олардың дамуына елеулі үлес қосқан Героев Салман Сайдарович, Саяпова Зухра Алеутдиновна, Сон Владимир Ефимович, Гейленгер Лев Васильевич, Аблаков Рафаил Гиреевичті мақтанышпен атап өтеміз. Этносаралық қатынастар саласының барлық қызметкеріне, елордалық ҚХА мүшелеріне Ассамблея қызметін дамытуға қосқан үлесі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді, өйткені олардың күнделікті жанқиярлық жұмысы – Достық үйінің ажырамас бөлігі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2023 жылғы 27 сәуірде өткен ҚХА-ның XXXII сессиясында «Еліміздің барша азаматының тағдыры жалпыұлттық бірлігімізбен астасып жатыр. Қазақстан – біртұтас ұлт, елімізді әрбір этносы достықты, үйлесім пен келісімді нығайтуға өзінің өлшеусіз үлесін қосып отырған команда деп айтуға болады. Біз өзіміздің іргелі құндылықтарымызға берік болуымыз керек. Біз бәріміз бір ел болып, татулық пен тұрақтылықты сақтау үшін еңбек етеміз. Ел бірлігін нығайту және Отанымызды өркендету – қасиетті парыз».

Әрине, 5 жыл аса көп уақыт емес. Бірақ соған қарамастан, біз қысқа мерзім аралығында күрделі құрылымды аяққа тұрғызып қана коймай, Достық үйімізді еліміздегі ең үздіктердің қатарына қосуға болатынын дәлелдей алдық. Бұл – үлкен үйде күні-түні жұмыс істейтін адамдардың еңбегі.

Әрбір азамат бірлікті нығайту жолында тынымсыз еңбек етуге тиіс. Бірлік бар жерде ғана тірлік болады.

**Дәурен БАБАМҰРАТОВ,**
**Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы**

# ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫН ТЕЖЕП ОТЫРҒАН НЕ?

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Биыл отбасымызбен Бурабайда демалдық. Қазақ туризмін дамытуға титтей де болса үлес қосқымыз келді. Алайда 5 күнде көзбен көрген, ойға түйген жайттар көңілімізді қалдырды. Сонау 90-жылдардан бері қаншама қыруар қаражат құйылса да, ештеңе өзгермегеніне жан жүрегің ауырады. Енді осыған нақты мысалдар келтірейін.



### ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЛАЙ?

Бурабайда өркениетті инфрақұрылым жоқ. Сол бұрынғы ескі үйлер, қонақ үйлер. Шетелдік туристерге пәтерін жалға беріп жан баққан жұрт. Шетелдіктер (90 пайызы – ресейлік орыстар) көлге түсіп, жағажайда арақ-шарабын ішкеніне мәз. Жағажайда жабайы музыка қойып, соның ырғағымен билеген демалушылар.

Бурабайдың түріктің Аланьясынан табиғаты бір де кем емес. Түркияда жол-пұлың, қонақ үй ақысы, ішетін тамағың бір кәсіпкердің қалтасына, яғни түрік елінің бюджетіне түседі. Қазақстанда шетелдік туристің жолының ақысы ғана ел бюджетіне түседі. Тәулігіне 2000 теңгеге (ақшасы көлеңкедегі айналымға кетеді) пәтер жалдаған демалушылардан пайда аз. Дүкеннен тамақ алады, көлге түскені үшін бақыр тиын да төлемейді. Түркияда бәрі бір турпакетке біріктірілген. Осы мәселені 30 жылда шеше алмағанымыз – туризмге қатысты дұрыс саясаттың жоғы. Бурабай, бір қарасаң, орыс ұлтының өкілдері күл-қоқыспен ластайтын өңір, алып «дәретханасы» сияқты көрінеді.

### ТУРИСТІК ӨНІМ ЖОҚ

Бізде туристерді таңғалдыратын өнім жоқ. Ұлттық дәстүр, ұлттық тағам, ұлттық сәулет, ұлттық мәдениет жоқ. АҚШ-та болғанымда Мексикамен шекарадағы қалада мексикалықтар текиласын зор мақтанышпен төрге қойып, келген қонағына құрметпен ұсынғанын көрген едім. Түріктер туристерге ұлттық тағамдарын ұсынады. Ал қазақтың қымызы да, шұбаты да, ірімшігі мен қаймағы да жоқ Бурабайда. Оның орнына күнде таңертең орыстың сырасы, американдықтардың эспрессосы мен американосын ұсынады. Ұлттық мәдениеттің белгісі жоқ. Барлық жерде шүлдірлеген өз қазағым, жергілікті орыстар мен шетелдік туристер. Меніңше, шымкенттік қазақтарды Қызылжарға емес, Бурабайға қоныстандыру керек. Кентте ұлттық сәулет жоқ, өзіңді ресейлік бір ауданның орталығында жүргендей сезінесің. Бұл – нағыз надандық. Жыл сайын туризмге миллиардтаған қаржы бөлсек те, баяғы жартас – сол жартас.

### ЛОГИСТИКА НАШАР

Күн сайын Үкіметте бітпейтін жиын өтіп жатады. «Ойбай, еліміздің аумағында логистика мәселесі былай шешіліп жатыр» деп өтірік есеп береді министрлер. Тәуелсіздіктің 30 жылында елеусіз қалған нәрсе көп. Соның бірі – Астанадан Бурабайға тікелей қатынайтын электр пойызы жоқ. Электр пойызы Бурабай стансасынан түсіріп, Көкшетауға кетеді. 25 шақырым жерге тез жету қиямет-қайым. Шағын автобустар 1 сағат сайын жүреді, оған жолаушылар нанға таласқан аш адамдай жүгіреді. Оның өзі ескі, тозығы шыққан көліктер. Ал 20-25 шақырым жерге жалаңдаған таксистер жан басына 3000-4000 теңге сұрайды. Жабайы кәсіп. Жаныңды ауыртатын көрініс. Өркениет айналып өткен жер.

### БАҒА ӘРКЕЛКІ

Бурабай кентіндегі қонақ үйлердің бір тәуліктегі орташа бағасы – 40000-60000 теңге. Көпқабатты үйлерден пәтер жалдасаң әр сөткесіне 10000-20000 теңге төлейсің. Қонақ үйлерде таңғы ас қана қонақ үй бағасына кіреді. Дәмхана, мейрамханада да баға «секіріп» тұр. Курортты қалада ұлттық мейрамханалар бар, бірақ өзбек пен ұйғырдың ұлттық асын береді. Тамақтың сапасы бағасына сай емес. Жазғы маусым үш-ақ айға созылатындықтан, қызмет көрсетушілер әр туристен көбірек пайда табуды ойлайды.

Енді салыстырып қарайық. 5 күнде Бурабайда отбасымызбен 4 адам 300 мың теңге жұмсадық. Оның өзінде түскі ас пен кешкі ас қонақ үй құнына кірмейді. Тамақ ішетін жер іздеп сабылдық. Шымкенттен келген отбасы ашқан бір орташа шайхананы тауып алып, бірнеше күн сол жерден тамақтандық. Оның өзінде мантының наны көгеріп кетіпті. Ал самсап тұрған дәмханалардың бәріндегі баға удай. Егер осы 300 мың теңгеге тағы 100 мың қосып Түркияда немесе Мысырда демалсаң, жолың, жататын орның, ішіп-жейтін тамағың, аралайтын жерің және т. б. бәрі біріктірілген. Сол себептен жұрт жазда Бурабайға емес, Дубайға, Мысырға кетеді. Қазақтың ақшасы шетелдің туризмін дамытуға «құйылып» жатыр. Бәріне өзіміз кінәліміз. Мәселен, түріктердің «всё включено» деген тәжірибесі әлемдегі туризмді өркендеткісі келетін елдерді қызықтыруда. Бір байқағаным, биыл Түркияда, демалыстың құны қымбаттағанына қарамастан, қонақ үйлерде бос орын жоқ. Өйткені ол жақтағы сервис біздікінен бөлек.

Енді өзімізге қайтып оралайық. Жыпырлаған дүкендерде баға бірдей. Бір қынжылатының, Щучинскіде бар супермаркет Бурабайда жоқ. 10-15 жыл бұрынғы дүкендер әлі жұмыс істеп тұр. Таксидің құны сәл түсіпті, себебі жұрт үш аяқты квадроцикл, скутер сияқты қытайлық төбесі ашық көліктермен қатынауда. Отандық туризмнің орталығы саналатын қалада көңіліңді қалдыратын, еңсеңді түсіретін нәрсе көп.

### СЕРВИС АТЫНА САЙ МА?

Бурабай – әбден орыстанған қала. Дүкендегі сатушы да, дәмханадағы даяшы да, көшедегі таксист те орысшаға судай. Хайуанаттар бағында ғана кассир апай қазақша сөйлейді. Жағажайдағы қайық қызметін, ас-суды сататын, велосипед, квадроцикл, мопед қызметін ұсынатындар тек орысша сөйлейді. Турларды ұсынушыларға да қазақ тілі қажет емес екен. Қалалық жағажайда көлдің бірбір бөлігін жалдап алғандар әр жан басына 2500-3000 теңге сұрайды. Беретіні – бір пластик кереует қана. Олар да орысша музыка қосып, демалушыларды өзіне қызықтыруға тырысуда.

### КЕНТТІҢ КЕЛБЕТІ ҚАНДАЙ?

Бурабай – кеңестік келбетін сақтап қалған кент. Ресейліктер тайлы-тұяғымен көшіп келгендей көрінеді. Ұлттық болмыс жоқ. Тіпті кент сауық-сайранды ғана көретін, ішіп-жейтін туристердің мекені іспетті. Жабайы сауда, мешел сана, өркениетті қаланың белгісі жоқтың қасы. Тіпті Ресейдің бір ауданы сияқты. Тұрғындары жанталасып демалуға келгендердің қалтасын қағуды ойлайды. Дүкендерде арақ-шарап, сыра самсап тұр. Сауданы да қыздыратын осы өнімдер. Сонда бұл қала қашан дамиды? Министрлер үкіметтік жиындарда өтірік есеп беретін туризм мен қарапайым демалушылар өз көзімен көретін туризмнің арасы жер мен көктей.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:**

- *Алла Тағала жаратқан тамаша табиғат*
- *Кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы орта*
- *Жыл сайын демалушылар санының артуы*

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ:**

- *Қызмет көрсетуші персоналдың ішкі әдебінің қалыптаспағаны*
- *Инфрақұрылымның толық жетілмегені*
- *Демалушылардың құлдық санадан арылмағаны*
- *Туристердің денсаулығы мен жеке басының қауіпсіздігіне деген жауапсыздық*
- *Туризм саласындағы кадр тапшылығы*
- *Демалыс маусымының қысқа болуы*
- *Туристік аймақтардағы азық-түлік, жататын орын, т. б. бағасының шамадан тыс қымбаттығы*
- *Демалыс аймақтарындағы жататын орын, жол шығыны, тамақ беру, табиғатқа экскурсия ұйымдастыру, т. б. бір жүйеге келмегені*
- *Табиғат-анаға деген перзенттік сезімнің әр адамның жүрегінде болмауы*
- *Туризмді дамытқан өркениетті елдерден үйренетін нәрсені, озық тәжірибені үлгі еткіміз келмейтіні*



# ШАЛҚАР ШЫРАЙЫНАН АЙЫРЫЛМАСЫН ДЕСЕК...

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

*Еділ, Жайық – екі өзен*
*Талсыз болар деймісің.*
*Көкшетаудың көп көлі*
*Елсіз болар деймісің,* – деп Ақтамберді жырау жырлағандай, бүгінде көрікті Көкше төңірегіндегі көп көлдер отырықшы елдің ғана емес, саяхаттап келетіндердің де негізгі түйініне айналды. Әсіресе Арқаның ажарын асырған Бурабай мен Зеренді бұл күнде берісі бүкіл республикаға, әрісі түрлі халыққа дейін танылып, саяхатшылардың алыстан ат өксітіп келетін айтулы аумағына айналды. Дегенмен апай төсінде арудың жанарындай мөлдіреп сексен көл орналасқан Арқа жерінде бұдан басқа да көрікті өңірлер аз емес. Солардың бірі – Имантау-Шалқар курорт аймағы.

Имантау-Шалқар курорт аймағы туризмді дамытудың перспективалы аумағының бірі ретінде қаралып келе жатқан аумақ саналады. 2018 жылы бұл аймақ республикалық маңызы бар ТОП-10 басым жобаға және 2019-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енген.

Біз сөз етіп отырған аймақ Көкшетау қаласынан 60 шақырым, Петропавлдан 245 шақырым жерде орналасқан. Петропавлдан Имантау ауылына автобуспен, одан таксимен аталған демалыс орталығына жетуге болады. Көкшетаудан Арықбалық және Чистополье ауылдарына тұрақты шағын автобустар қатынайды. Қалаған жерге таксимен де жетуге болады.

Айыртау ауданының ең көркем жері саналатын, толқынды көлі, жайқалған орманы бар Шалқар мен Имантаудың көркі көз сүріндіреді. Оның үстіне Шалқар көлінің суы емдік қасиетімен төңіректе танымал. Бірде-бір өзен ағып шықпайтын бұл көл ағынсыз, суы теңіз суына да ұқсап қалады. Әрине, бұл өлкеге саяхаттай барсаңыз тек Шалқар, Имантау көлдерін ғана емес, Ботай, Айғаным (ғалым, этнограф Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғаным ханша) қонысын, Қарасай мен Ағынтай батыр мемориалдық кешенін де көріп қайтуға мүмкіндік бар. Бір ауыз сөзбен айтқанда, ауасы таза, суы мөлдір, табиғаты көркем бұл аумаққа, ел тұрғындарынан бөлек, Ресей, Германия, Өзбекстан және басқа мемлекеттердің азаматтары жиі келеді. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігі кәсіпкерлік және туризм бөлімінің мәліметінше, өткен жылы бұл өңірге 87 мың саяхатшы келді деп болжанса, биылғы туристердің саны 100 мыңға жуықтаған.

Дей тұрғанмен Солтүстік Қазақстанның інжу-маржаны саналатын демалыс орнының шешілмеген, туризмді дамытуға тұсау болып тұрған қордалы мәселелері де баршылық. Ең алдымен, Шалқар көлінің бойында автомобиль жолы жоқ. Бас-аяғы 17,5 шақырым жерге жолдың салынбай жатуы Шалқардың «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне қарайтыны себеп болып отыр. Яғни ерекше қорғалатын табиғи аумаққа көл бойын жағалата жол салу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтан шығарып, бос жер деп тану қажет. Бұл мәселе Экология министрлігінің құзыретінде. Оларға қорғалатын аумақтың табиғи қалпын сақтап қалу маңызды болса, туризмді дамытуға жауапты Мәдениет және спорт министрлігіне көл жағасын жағалата жол салып, демалыс орындарын ашу қажет болып тұр. Осылай 2 министрлік екі жаққа тартқандықтан, Шалқардың тірлігі шалқымай тұр. Сондай-ақ бұл маңда жарық та жоқ, интернет те дұрыс жұмыс істемейді. Электр желісін тарту үшін де ерекше қорғалатын табиғи аумақ тізімінен шығару қажет. Туризмнің дамуына үлкен кедергі болып отырған бұл мәселені өңір әкімдігінің шеше алмай келе жатқанына біраз жылдан асты. Дегенмен қазір сең қозғалып, 17,5 шақырым аумақты бос жер деп танып, жергілікті әкімдіктің басқаруына беру мәселесі қарастырылып жатыр.



«Жақында арнаулы комиссия құрылды, олар арнайы тексеру жүргізіп, мемлекеттік ұлттық табиғи парктен шығару жағын жоспарлап отыр. Бұл жүзеге асса, туристік аумақтың жолы жасалып, жарықтың жетуіне мүмкіндік туады. Өйткені Экология министрлігі ештеңені өзгертуге мүдделі емес. Ал бізге қазір жол салу үшін де, жарық тарту үшін де дәл осы министрліктің шешімі қажет болып тұр» дейді Айыртау ауданы әкімдігі кәсіпкерлік және туризм бөлімінің басшысы Аманбек Мақметов.

Сондай-ақ Аманбек Ғазизұлы Имантау, Шалқар көлдеріне дейін баратын аудандық деңгейдегі жолдарды жөндеуге облыстан, мемлекеттен қаржы бөлінбей отырғанын да атап өтті.

Шалқар-Имантау аймағында аңшылық, балық аулау, емдеу-сауықтыру туризмі салалары бойынша маманданған демалыс орталықтары да бар, бірақ саусақпен санарлық деуге болады, себебі бұл аумақта инфрақұрылым дамымаған, демалушыларға жайлылық сыйлайтын қызмет көрсету орындары жоқ немесе өте аз. Демалушылардың көбі көл жағасына шатыр тігіп түнеп, өздері тамақ жасап қайтуға мәжбүр. Дәретхана, қоқыс жәшіктері де тапшы болғандықтан, көл жағасының тазалығы нашарлап барады. Туристер жаққан ашық оттан орманға өрт кету қаупі де жоқ емес. Демек, мемлекет бұл өңірдің туризмін дамытуға баса назар аудару керек деп санаймыз. Мәдениет және спорт министрі болса Шалқар көлінің жанында үлкен туристік нысан салынады деп отыр. Биыл 24 шілдеде Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов өзінің Telegram арнасында «Шалқар көлінің жанында үлкен туристік нысан салу жобасының авторларымен кездестім. Жоба 2019 жылдан бастап СҚО әкімдігімен бірлесіп әзірленіп жатыр, сондай-ақ «Kazakh Tourism ҰК» АҚ мақұлдаған. Алайда оны жүзеге асыру үшін қолайлы жер учаскесін бөлу қажет» деп жазған. Бұл жоба қашан жүзеге асады? Ол жағы да белгісіз.

Қысқасы, Шалқар шырайынан айырылмасын десек, шынайы әрекет қажет. «Екі байға бір малай» дегендей, Шалқарды 2 министрліктің арасында тартысқа салуды да тоқтату керек.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



# БӘРІ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

**Биыл елордадағы мектептерге 1-сыныпқа барған оқушылардың 40 пайызы орыс тілінде білім алатын болды. Осы мәселе қоғамда қызу талқыланып, кінәлілерді іздеуде. Әлеуметтік желідегі пікірлер екіге жарылып, әртүрлі ұсыныс-пікір айтып жатыр. Мұның арғы жағында отбасындағы тәрбие, балабақшадағы білім жатқан жоқ па деген сауалдарға жауап іздеп көрген едік. Мәселенің түбі баланы ерте жастан мектепке дейінгі ұйымда қай тілде тәрбиелеуге апаратыны түсінікті.**

### МЕМЛЕКЕТТІК БАЛАБАҚША ҚАШАН ҚАЗАҚШАЛАНАДЫ?

Елімізде барлық мемлекеттік балабақшада оқу-тәрбие тек қазақ тілінде берілуі мүмкін. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев биыл маусым айында мәлімдеген болатын.

«Бүгінде елімізде 11 мыңнан астам балабақша бар. Оның жартысы – мемлекеттік мектепке дейінгі білім беретін мекемелер. Біз қазақ тілді балабақшаға сұраныстың артып жатқанын байқап отырмыз. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім департаменті барлық мемлекеттік балабақшаны қазақ тілінде тәрбие беруге көшіру жағын қарастырып жатыр. Бүгінде департамент қанша балабақша барын, оның қаншасы қазақ тілінде екенін нақтылап жатыр» деген болатын министр. Алайда осы сөздің іске айналып, мемлекеттік балабақшалар қашан 100 пайыз қазақ тілді болатыны әлі ешкімге белгісіз.

### АТА-АНА НЕ ДЕЙДІ?

– Болашақ орыс тілінде ме? Астананың көп ата-анасы балаларын не үшін орыс сыныбына беруде? «Балам балабақшада орыс тілінде сөйлеген, қазақша түсінбей қалады» дегені жай сылтау ғана. Олар баласына өз тілін үйретуге немқұрайды қарап отыр. «Тіл үйретуге уақытымыз жоқ» дейді. Балаларын орыс сыныбына беруге балабақшада орысша тіл үйреніп, сөйлеп, тәрбие алғаны басты себеп боп жатқандай. Не істеу керек? Балабақшаларды түгел қазақ тіліне көшіру керек пе? Сіздің ойыңыз қандай?

Биыл орыс сыныбына барған балалар 11 жылдан кейін мектеп бітіреді. Орысша сөйлеп, ойлайтындардың қатары көбейе береді. Бұл қуанатын жағдай емес, – дейді қоғам белсендісі Фатима Жүнісова.

Журналист, қоғам белсендісі Халима Тәжікұлдың айтуына қарағанда, қазақ сыныбына қабылдату жөнінде түрлі ұсыныс та айтылыпты. Біреуі де мәселені шешпейді дейді ол.

– Көзім жеткен бір нәрсені айтайын: билік қашан тек қазақша сөйлейді (бір ауыз орысша қоспай); бүкіл мемлекеттік іс-шара қашан тек қазақша өте бастайды; мемлекеттік қызметке қазақша білетіндерді ғана қабылдау қашан қолға алынады – сол кезде ғана қазақ сыныбына сұраныс артады. Себебі орыс сыныбын таңдаушы ата-аналар – қазақ тілінің болашағына сенбейтіндер. Сенбеуіне себеп көп. Билік бишігіне бұл тіл керек емес. Бірлі-жарым қазақы кадр ғана жанашыр, басқасы бас қатырмайды. Айтпақшы, қазақ балабақшасына барған баламның тобындағылардың 80 пайызы орыс сыныбын таңдады. Және олардың ата-анасының бәрі мемлекеттік қызметкерлер, әскерилер. Әлгі 80 пайыз баланың кесірінен біздің балалар орысша сөйлеп кетті. Ортасы орыс тілді бала, қазақ балабақшаға барса да. Балабақшадан шығарып алып, қазақшаға бетін әрең бұрдық, – дейді Халима Тәжікұл.




– Ұлымды мектепке даярлық курсына апардым. Тобында бір бала болды. Өте зерек. Оны ылғи атасы әкелетін. Наурыз мерекесіне орай шара өтті. Атасы соңында сөз сөйледі. Саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнапты. Мұғалім болған екен. Бірақ өкініштісі сол, немересі орысша сөйлейді. Сыртқа шыққан соң атасынан мән-жайды білдім. Атам кібіртіктеп қалды: «Ой, сол келін орысша қосып сөйлейді. Ауылдың қызы-ақ еді. Ұлым да Семей жақтағы ауылда өскен. Солар қалаға орысша білмей-ақ келді. Бұларға не көрінгенін. Оның үстіне, баланың қолынан телефон үзілмейді. Көргенінің бәрі орысша...». Жалпы біреуді сынағанда алдымызға жан салмаймыз ғой. Өзімізге шаң жуытпаймыз. Ал шындығында, өз қолымыз өз аузымызға жетпейді. Сөйлегенде сөздің майын тамызатын, ұлт мәселесінде қарап қалмайтын адамдар, қоғамға белгілі азаматтар бар. Бірақ олардың да балалары, немерелері орыс сыныбында оқиды. Қазақшадан жұрдай. Кімге, не деп ренжисіз? Бұған да Үкімет кінәлі ме? Басқаны қоя тұр. Алдымен өзіңнен баста. Тіл саған керек, – дейді ата-ана Ертай Нүсіпжанов.

Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов «Тәрбиеге әсер ететін нәрсе – өскен ортасы, ата-ана тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара-бара адамды замандас жолдастың азғырып, не түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі. Отбасының жылуын көрмеген, ата-ананың махаббатына бөленбеген бала жаны қатыгезденіп, қылмыстық жолға бейімделетінін мұғалімдерге түсіндіру артық болар» дейді. Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады, біріншісі – ата-анасы, екіншісі – ұстазы, үшіншісі – құрдасы» деп айтып кеткен екен Абай атамыз. Жас шыбық иілгіш келеді, жас адам да сондай, жақсыға да, жаманға да бейім. Біздің үйдегі, түздегі іс-әрекетіміз балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы-жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

### МҰҒАЛІМДЕР УӘЖІ ҚАНДАЙ?

– Министрлік тарапынан қазақ сыныптарын көбейтуге тапсырма берілген. Алайда біз 1-сыныпқа болсын, басқа сыныпқа болсын баласын алып келетін ата-ананың таңдауына араласып, оқушыны қазақ не орыс сыныбына бер дей алмаймыз. «Бізді мәжбүрлейді» деген пікір көп айтылып жатыр. Бірақ ол шындыққа жанаспайды. Өкінішке қарай, баласын ерікті түрде орыс сыныбына бергісі келетін ата-ана көп. Түсіндіру жұмысын жүргіземіз, орыс сыныбында орын жоқ десек ашуланатындар бар. Өйткені баласы орысша сөйлейтіндіктен, оған қазақ тілінде білім алу қиындық туғызады деп қорқады. Әрине, қазақ тілін білмейтін баламен жұмыс істеу өте қиын. Бірақ үйреніп кетеді, үйретеміз деп көндіруге тырысамыз. Алайда кез келген ата-ана мектепті жау көреді, мұғалімді кінәлі санайды. Ата-ана балаларын кішкентайынан қазақша сөйлетуге тырысуы керек. Сонда ғана бұл мәселенің жарасы жеңілдейді. Мәселен, қазақ тілін білмесе де, қазақ сыныбында оқып, тілді меңгеріп алған оқушылар бар. Мектеп болып, ата-ана болып екі жақтап көмектесу керек. Бірақ қазақша білмейтін ата-ана да бар. Баласы қазақ сыныбында оқығанмен, үйде орысша сөйлеседі. Мұндайда әсіресе бастауыш сынып оқушыларына қиын тиеді. Балаларының қиналғанын көріп, біраз ата-ана орыс сыныбына ауыссақ бола ма деп қайта келеді. Сол кезде жүрегің ауырады, – деді ұстаз Майра Мырзахметова.

Астанада 169 мектеп бар. Оның 101-і – мемлекеттік, 61-і – жекеменшік, 7-еуі – республикалық, оның ішінде 35 қазақ мектебі, 3 орыс мектебі, 63 аралас мектеп. Биыл жаңа оқу жылында 26650 бала 1-сыныпқа барады (былтыр 1-сыныпқа 26000 бала қабылданды), оның ішінде 15929 (60 пайыз) бала қазақ класын, 10571 (40 пайыз) бала орыс класын таңдаған.

– 2020 жылдары Астанада білім алатын оқушылар арасында қазақ тілді сыныптар 50 пайыздан аспайтын. Кейінгі екі жылда қазақ сыныптарының саны 60 пайызға жетті. Сондықтан қоғамда талқыланып жатқан дерекпен келіспеймін. Бұл жерде ата-ана таңдауына да назар аудару қажет. Әлеуметтік желіде жазба қалдырған азаматтар нақты қай мектепте «орыс мектебіне бер» дегенін айтсын. Мен сол мектептің директорымен сөйлесейін. Керісінше, қазақ тілді сыныптарды көптеп ашуға күш салып келеміз. BINOM мектептерінің 80 пайызға жуығын тек қазақ тілді мектеп етіп аштырдық. Ал мектепте қазақ сыныбында 35-40 бала, орыс сыныбында 20-25 бала ғана отырады деген – ақылға сыйымсыз әңгіме, – дейді Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сеңғазыев.

Жалпы мектептерде білім берудегі бағалаудың жаңа жүйесі – жаңартылған білім мазмұны енгелі 7 жылдан асып барады. Әлі күнге дейін осынау жаңартылған білім мазмұнының мәнін түсінбейтін, балаға шамадан тыс жүктеме екенін айтатын ата-ана көп.

– Сырттан қарап, ата-ана ретінде бақылап отырсаң, баланың білімге құштарлығын ашудан бұрын сабақ оқуға деген құлшынысын су сепкендей басу. Бастауыштағы оқулықтарды бала түгіл, ересек адамдар да түсінбейді, шала аударма, күрделі мәтіндерді оқу балаға өте ауыр, сосын кейбір ата-ана балаларын орыс класына беруге мәжбүр, – дейді ата-ана Гауһар Шайхиниязова.

### ОҚУЛЫҚ НЕГЕ ТҮСІНІКСІЗ?

«Неге бастауыш сыныптардағы оқулықтар баланың таным-түсінігіне сәйкес келмейді, түсініксіз, оқу бағдарламасы неге сүйеніп жасалған? Оқулықтар неге жыл сайын жаңара, өзгере береді, бұл пайда табу көзі ме? Бүгінде ата-аналардың балаларын орыс класына беру себебі де осы оқулықтардың түсініксіз, күрделі болғандықтан деп ойламайсыз ба?» деген сауалымызға Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы былай деп жауап берді:

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің оқу пәндерінен үлгілік оқу бағдарламалары білім саласы бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері басшылыққа алынып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес әзірленеді. Оқу бағдарламалары ғылыми-әдіснамалық оқыту тәсілдемелері мен ұстанымдары негізінде, білім алушылардың жас физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді». Бітті, жауап осы.

Google-мен аударылған бастауыштағы оқулықтар неге түсініксіз деген сауалымызды республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының поштасына жолдағанбыз, әзірге жауап келмеді. Шынында да, бастауышта баланың басын қатыратын мәселе көп. Мысалы, бұрын есепті бөлу, көбейту, күрделі есептер тек 8-9 кластарда берілетін, қазір халықаралық талаптарға сәйкес дей келе, 3-сынып оқушысына білу міндеттелген. Бұл олқылықтарды толтырудың қандай жолы бар? Қоғам қойған сауал көп, жауабы да табылар.

**P.S:** ***Ел астанасының Ақмолаға көшуінің де басты себебі солтүстік өңірлерді қазақыландыру болғаны белгілі. «Теріскейді толтырайық немесе қазақ көшін қайтсек солтүстікке бұрамыз?» деп жанталасып жүргенде орталық астананың солтүстік өңірге қарай ауысқаны өте дұрыс шешім екенін өмірдің өзі көрсетті. Ендеше стратегиялық маңызды солтүстікті қазақыландыру саясатын дұрыс жүргізбей, елорданы қазақыландырмай, қазақ тілді балабақша мен қазақ сыныбын көбейтпей, демографиялық һәм тілдік мәселелер шешілмейді. Құр сөзден, айтыс-керістен ешнәрсе өзгермейді. Осы бағытта жұмыс істесе, болашақта Астана атына заты сай, білімі, рухани ортасы, мәдениеті қазақыланып, ұлттық құндылығымен дамыған әлемнің ең сәулетті қаласына айналары хақ.***

№100 (4533) 24/08/2023 Бейсенбі

«Мұсылманшылық кімде жоқ, тілде бар да, ділде жоқ» деп Базар жырау айтқандай, сәбиіне ақ сүтін беріп, ана бақытына бөлеген, Алланың мейірім-шапағатын сезінген, арамыздан алыстаған ардақты әжелер мен аяулы аналарымыз мына көріністі тіпті қаламас еді: көшеде қап-қара киіммен тұмшаланған келіншек бала арбасын сүйретіп келеді, екі жасар сәби шалғайына жармасып жүгіріп жүр. Өзге түгіл, ішінен шыққан сәбиі де тек көзі ғана көрінген қара киімді – никаб киген анасының шешімін құптамайтындай айналасына құлындай ойнақ салып келеді.



# ҚАРА КИІНУ ҚАЗАҚҚА ЖАТ

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## ҚАЙ ЖЕРДЕН СҮРІНДІК?

Қазақтың бір тамаша әдеті – далада өскен ерке қызының бет-аузын тұмшаламай, атқа жайдақ мінгізіп, қолына қамшы ұстатып, ел шетіне жау келгенде садағымен жебе атып, қол бастаған, жерін қорғаған, дәстүрге сай бейбіт өмірде кәмшат бөрік киіп, қос етек көйлегімен шашбау тағып, шолпысы сыңғыр қаққан, даланың қызғалдық гүліндей құлпырып, жайқалып өскен. Қазір киімі, салты өзгерсе де, ұлттық құндылығымыз ата-бабадан жалғасып келеді. Бірақ өкінішке қарай, исламды әлемге терроршы ретінде көрсеткен содырлар әрекеті тыйылар емес. Жалпы әлем кеңістігінде экстремизм мен терроризм мәселесі күйіп тұр. Таяу Шығыс елдеріндегі жағдай да көңілге алаң туғызады. Әрине, ғалымдар, философтар, дін өкілдері дін және мемлекет қатынасының теориялық негізін анықтауы тиіс. Ортақ жүйе, ортақ платформа болмай, діни сауаттылықты арттыру мүмкін емес. Дін мен дәстүрді жақтайтын Ясауи ілімін, «Имам Ағзам» Әбу Ханифа жолын қазіргі заманға лайықтап насихаттаудың кемшілігін дәл осы қара киінген, тұмшаланған жастарға қатысты айтуға болады.

## ДІН ӨКІЛІ НЕ ДЕЙДІ?

– Қара киіну қазақ дәстүріне жат. Біздің әжелерімізде хиджаб деген болмады, бірақ олар орамал тағып, кимешек киді. Ал қап-қара киініп, бетті толық тұмшалау қазақтың салты мен дәстүріне жат. Біз ұлттық нақыштағы оюы бар киімдерімен дараланған елміз. Қара қолғап, қара көзілдірік киіп, телефонын қап-қара қылып қаптау – еліктеудің бір түрі. Алайда қазақта «Адасқанның айыбы жоқ, қайта айналып үйірін тапса» деген жақсы сөз бар. Зиялы қауым мен көзі ашық азаматтарымыздың арқасында ақырындап түзелеміз, – дейді әлеуметтік желіде аты танымал имам, дінтанушы, теолог Нұрлан Асанов телеарнаға берген сұхбатында.

– Бірақ мәселе осы түзелу жолында қанша шығынға ұшырайтынымызда. Қаншама нәрсені өткізіп аламыз. Оның белгілі бір жарасы болады. Кемеміз дұрыс бағытта жүріп келе жатыр деп сенемін. Шоу-бизнестегі азаматтар еліктемей, Алладан қорқып таққан болса, біз тек қуанамыз. Тек менікі дұрыс, қалғаныкі қате деу – экстремизм. Джунглиге көшіп кеткендей қоғаммен санаспау, сыйыспау, қалғандары тозаққа түседі деп ойлау – экстремизмнің басы. Осылай есептейтін жастарға менің кейбір сөзім ұнамайды. Ұнамаса, ұнамасын. Біз қоғамбыз, біртұтас елміз, намаз оқып, ораза ұстауға еш кедергі жоқ. Осыны пайдаланып, басқаларды төмен түсіргенді қоюымыз керек. Діннің басты миссиясы – мейірім мен жақсы мінез-құлық. Жаратқанды танудың ең бірінші әліппесі – осы жақсы мінез. Өкінішке қарай, бауырларымыз бен қарындастарымыздың көпшілігіне осы нәрсе жетпей жатыр. Тек өзі сияқтыларды жақсы көріп, өзінен басқаларды төмен қояды. Қайдан білесіз, Құдайдың алдында оның дәрежесі сізден жоғары шығар? Сіздің күнәңіз ашылып, ол кісі, керісінше, Аллаға амалымен жағатын шығар. Бәріне тура жол беріп, қоғамға сіңуші болайық, – дейді ол.

> Қара киіну қазақ дәстүріне жат. Біздің әжелерімізде хиджаб деген болмады, бірақ олар орамал тағып, кимешек киді. Ал қап-қара киініп, бетті толық тұмшалау қазақтың салты мен дәстүріне жат. Біз ұлттық нақыштағы оюы бар киімдерімен дараланған елміз. Қара қолғап, қара көзілдірік киіп, телефонын қап-қара қылып қаптау – еліктеудің бір түрі. Алайда қазақта «Адасқанның айыбы жоқ, қайта айналып үйірін тапса» деген жақсы сөз бар

## ӘЖЕЛЕР НЕ ДЕЙДІ?

– Биыл жасым жетпістің алтауына келді. Отағасымен бес баланы өсіріп, пәлен немере көріп, шөбере сүйген жағдайымыз бар, шүкір, жапырағымыз жайылып, өсіп-өніп жатырмыз. Балаларды барынша оқытып, білімді болуына күш салдық. Алды – ғылым докторы, немерелерден де ғылым жолын қуған, дін саласында қызмет еткен шырақтарым да бар. Отбасымызда бес уақыт намазын оқып, оразасын ұстайтындар көп. Қыздарымыз, келіндеріміз ақ орамалын тартып, мұнтаздай болып жүреді. Ал енді көшедегі қап-қара киінген келіншектерді көрсем аза бойым қаза тұратыны рас. Қазақ кісі өлгенде қара жамылған болар, бірақ күнделікті өмірде тіршіліктен түңіліп, қарамен тұмшаланған емес. Қара киімді аналар балаларына қандай дұрыс тәрбие бере алады деп ойға батамын. Жеткіншек қызды да хиджабпен тұмшалап қойғандарды көріп жүрміз. Бұл киім, бұл әдет қай атаңнан қалған дәстүр еді, сәбилердің не жазығы бар, балалық шағын мұңсыз, қайғысыз өткізуге мұрсат бер деп айтқың келеді, – дейді елордалық әже Айғаным Сәбитова бізбен әңгімесінде.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗДАРЫ ҚАЛАЙ КИІНГЕН?

Ұлттық киімдеріміз халықтың салт-дәстүрін сақтап, өзінің әсемдігімен көз тартып, тәлім-тәрбиенің тамаша үлгісін көрсетеді. Егер сұлу да сымбатты қазақ қыздарының киім-кешегі туралы айтсақ, оларда сан жоқ және де неше түрлі үлгісі бар, қызыл, сары, жасыл, ақ сияқты ашық түсті болған. Бұған себеп – әйел затының көркем заттарды, киімдерді ұнатып киюі не тағуы. Оның үстіне, қазақтардың әлеуметтік деңгейін әйелдердің киіміне қарап анықтауға болатын, сол себепті де олардың киімдері ер адамдардың киімдерімен салыстырғанда қымбат матадан тігіліп, асыл тастармен көмкерілген. Негізінде, қазақ қыздары жастайынан ұлттық киімдерді киюді бастаған.

**P.S:** ***Ұлттық киімдер, кию ерекшеліктері, ұлттық киімдерді киюдегі кемшіліктер туралы алдағы уақытта тағы айтатын боламыз. Бүгінгі әңгімеміз – қара киінудің қазаққа жат екенін айту. Қазіргі заман ағымына түсіп, кімге және қай ұлтқа еліктерін білмей жүрген жастарымыз осы бір асыл қазынамызға көңіл қойып, зер салып, жақсы жағынан үлгі алса игі.***

# ТҰРАҒЫ – АУЫЛ, ТҰРМЫСЫ – ҚАЛА

Өткенде қаламыздағы «Океан» базарында «Тайынша сүті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өнімдерін алуға кезекке тұрғанда құлағым шалған диалог:

– Екі келі сары май, тоғыз пәшке сүт алу керек.

– Қазір майдың бағасы масқара!

– Иә, айтпа! Үш жүз шақырым қашықтықта орналасқан ауылға ерімей жетсе жарар еді. 9000 теңгем далаға кетпей.

Естігенде жағамды ұстадым. Елдегі жеңгелерім жалқау ма, ағаларым шалағай ма? Ауылда тұрып, қалаға келіп, базар аралап, сары май, сүт сатып алу – ақылға сыймайтын дүние. Кәсіпкерлерге жақсы болғанмен, өз үйінің берекесін кіргізе алмаған әйелден қайыр жоқ.

Мен Жамбыл ауданы Амангелді ауылының қара топырағында аунап-қунап өскен баламын. Әкем аттанды. Жаны жәннатта болсын. Сағыныш сезімі жетелеп елге апарғанда «семіз сөйлеп, арық шыққанның» күйін кешем. Сәлем беріп барған шаңырақтың дастарқанына отыра бергенде алдымнан қалада күнде жеп жүрген маргарин, пакеттегі сүт, дүкеннен алатын нан, өздерінің тілімен айтқанда, «магазинский» өнімдерді жеймін. Қорасында төрт түлігі болса да, малсыздың күйін кешетін үйдің әйелі жалқау емес, балалары тауықтың жұмыртқасы түгіл, бал қаймақты жемейді екен. Соңғы үш жылда барған ауылдарымнан не қаймақ жей алмадым, не айран іше алмадым. Содан болар, қазір ауылдың баласы болсам да, ауыл мені өзіне тартпай қойды. Жерлес жазушымыз Герольд Бельгер құсап шарқ ұрып «Мал ұстамаған соң ауылда тұрудың не керегі бар?! Баяғы апаларымыз күмпілдетіп пісіп жататын қымыз, май-қаймақ қайда? Әр үйдің шошаласында жайылып тұратын құрт нақ жасап, уыз көжесін үзбейтін, күбі-күбі айран пісіп, қарын-қарын май алып, кісі қолына қарау дегенді білмейтін. Бал татыған қаймақ дейсіз бе, жесең – ас, шөлдесең – сусын болғандай ежегей, құрт дейсіз бе – бәрі ішкені алдында, ішпегені артында тұратын. Енді ауызды қу шөппен сүрткен келіндеріміз ат арытып, тон тоздырып қала базарына жүгіретінді шығарды. Көпке топырақ шашуға болмас, бірақ бұл қазақтың қанында жоқ, маңдай терін төгіп жүріп ішкен асын, жеген дәмін бойға құт санаған халықтың жалқаулық, жатыпішерлік жат мінезден арылар мезгілі әлдеқашан жетті. Түсіне білсе, қала маңындағы 10 сотық жер емес, 50 сотық жерге иелік етіп отырған ауыл тұрғындары байлықтың астында жатыр-ау. Әттең-ай, түсінбейді. Жоқ айлығын жұлмалап, ауданды менсінбей, облыс орталығына сабылып, өзінше азық-түлік алады.



шаруа малын баққанмен, тапқан ақшасының кірісінен шығысы көп болатын-ды. Шешем үй шаруашылығында болды. Көршілес жатқан Благовещенка ауылындағы дүкендерге, кейде аудан орталығы Пресновкадағы сауда үйлерінен, жол түсе қалған қаладан азық-түлік алғанда тұз, күріш, қарақұмық, макарон, сарымсақ, қант, шай ғана алатын, ақшасы артылып жатса, азын-аулақ кәмпит пен тоқаш ала салатын-ды. Оның өзін келіп-кететін кісілеріне сақтап, сандық түбіне тығып тастайтын. Сиырды да сауды, сүтті салып, қаймақ шығарды, майды да былғады, айранды ұйытты, түлік сойғанда да ішек-қарнын жуатын. Одан шешем қор болмады. Есесіне отбасын химикат қосылған өнімдерден сақтап, табиғи тағамдармен асырады. Ауырғанда да дәрі-дәрмекке жүгінбей, қойдың майын сүтке салып, қайнатып ішетін едік немесе ет салманы дайындайтын-ды. Не болса да еш қоспасыз тамақ ішіп ел қатарында жүрдік.

Уақыт өтті. Жылдар кетті. Өзіміз де қалаға бет түзедік. Сөйтіп жүріп шешем де келместің кемесіне мініп, о дүниеге қайда? Мен мұны өз тамағымды ойлағандықтан айтып отырған жоқпын, ауылдағы ағайынның жағдайы жақсарса екен деген тілек қой менікі» деген ойға көміліп қалдым.

Бір аға-жеңгемді іздеп үйіне кіріп-шығуға ыңғайланып отырғанда, жатқан үйімнің иесі баратын үйдің әйеліне хабарласып, ескерткенде «Бүгін келмесін. Жағдайым бар. Бірақ кісі күтетін көңіл хошым жоқ. Ертең келсін!» деген жауап алдық. Біз ауылда тұрғанда келетін кісі сұрамай-ақ келетін. Көршілес жатқан ауылдарда тұратын туыстарымыз бен достарымызға құдайы қонақ болып баратынбыз. Ешкім де несібеден айырылмайтын. Қазір ауылдағы ағайын пейілден айырылған ба? Жеңгемнің ниетіне қарап ұнжырғам түсіп, қалаға кеттім. Әйелі дастарқан жая алмаған еркекті аядым.

Тұрағы ауыл, тұрмысы қала деп зауыттың шығарған өнімдерін алу емес, елге тасжол салып, су мәселесін шешкен, интернеті жақсы істейтін жерді айтады.

Ауылда отырып, бала-шағамызды аузын ағарғаннан, алты ай жаз көкөністен қақтық. Бұрын елдегілер қағаАқырында «битке өкпелеп, тонын отқа жағып», ауылға қарғыс айтып, қалаға көшеді. Қалада біреу күтіп тұр ма? Тентіреп пәтер жалдайды, несие мен қарызға белшесінен батады. Ал ауылда тұратын үйі тегін еді.

Ауыл – жұмақ. Сол жұмақты тозаққа айналдырып отырған өзіміз. Біз қаладан келген баланың шүлдірлеп орысша сөйлегеніне таңырқап қарайтын едік. Қазір ауыл балаларының орыс тілін өз ана тіліндей көріп сайрағанын үйреншікті жағдай деп қабылдап жүрміз. Тіпті жаңа туған нәрестелер де бесікке бөленбейді. Бесікке бөленбеген, өз тілінде сөйлемеген, жеті атасын білмеген перзенті өсіп-өнген ауылдың барынан қайыр бар ма?

«Кісі келсе – құт, кісі кетсе – жұт» деген ауылдың баяғы ата-әжесін аңсаймын. Ұлттық болмысты қалыптастыратын ауылдықтар шығыстың даналығын батыстың ағымынан төмен қойып, жомарттығы мен шынайылығынан қол үзсе, қаланың ақсаусақ тұрғындарына үміт арта алмаймын.

**Самрат ҚҰСКЕНОВ,**
**Петропавл қаласы**

№100 (4533) 24/08/2023 Бейсенбі

# ҚҰНДЫЛЫҚ НЕСІМЕН ҚҰНДЫ?

Әрине, елдің үш құндылығы – тіл, дін, мәдениет маңдайымыздағы бақ екені түсінікті. Десек те осы үш таған жөнінде орынсыз байбалам, даңғаза дау елдікті, көрегендікті аңғартпайды. Дәлелсіз-дәйексіз кіжіну, жөнсіз ұрына беру азаттықтың отыздан асқан межесінде күлкіге қалдыруы кәдік. Әркім өзінен, отбасынан, достарынан бастап ортақ іске бел шешіп кіріссе, үлкен мәселе адами жолмен шешіле бастайды. Адамға, қоғамға ми, ақыл, парасат, іскерлік не үшін берілген? Көкейтесті мәселеге қатысты нақты ұсыныс енгізіп, өзгеге өнеге болу, қиналғанға септесу, жол көрсету – жұрт ісі. Қоғам берекесіне лайықты қадам. Қоғамда, мемлекетте жоғарыда айтқан үш тағанға қажеттілік қайдан туады? Әрбір адам азаматтық борышын өтеуге мүдделілік танытуы – қалыпты ниет.



Кез келген сөзді қайталай берсе, дәмі кетеді. Бұл – бұқаралық ақпарат құралдарына да, коммуникация саласына да қатысты құлаққағыс. Осыдан біраз бұрын Мемлекет басшысы мұны ескерткені есімізде. Президенттің: «Бар нәрседен айырылып қалмау маңызды. Ең бастысы – тәуелсіздік құндылықтары» деген ойында атқарушы билікке, қоғамға жүктелген көп міндет бар.

Өткен ғасырдың 1925-1927 жылдары Халық ағарту министрі болған көрнекті қайраткер Смағұл Сәдуақасұлы: «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ету – билік басындағы бір-екі төренің емес, әрбір қазақтың намысына байлаулы іс» депті. Осы сөз ойымызға орала береді.

Біздіңше, ұлттық құндылық несімен қастерлі екенін айтып бере алатын адам оларды көзінің қарашығындай сақтауға, дамытуға қызмет етеді. Тіпті соған саналы ғұмырын арнайды. Мұны елімізді мекендеген түрлі этнос өкілдері, этномәдени бірлестіктер қауымы терең түсініп, қолдап-қуаттайды деп сенеміз.

Шынтуайтында, адамзаттық, ұлттық құндылықпен қатар әр өңірдің, әр саланың, әр кәсіптің құндылығын да ескеруіміз қажет. Мәселен, соңғы кезде сын жиі айтылатын басқару органдарын тиімді етуге не қам жасау керек? Қадағалау құрылымдары шектен шықпас үшін қандай тетік іске қосылуға тиіс?

Әлемдік тарихта держава көсемдері ішінде Иосиф Сталин «бәрін кадр шешеді» деп, Мао Цзе-Дун «күннен де жоғары тұратын – кадр» деп тұжырымдағанда неге сүйенген?

«Біреуі таққа отырса, қырқы атқа қонады» деген халық нақылын әжуаға айналдыруға не себеп?

Басшылардың «команда» дегені ертеңіне «отряд» болып шығып, ұятқа қалдыратын тәжірибесін қашан доғарамыз?

Кадр даярлауда «Болашақ» бағдарламасы кімді және нені ескермеді?

Әлде «пәленше мен түгенше бүй дедіні» жүз қайталап айтып жүре береміз бе?

Кез келген еңбекке лайықты ақы, қызметке жалақы төлеу, зейнетақыны әділетті белгілеу қашан реттеледі? Меритократияға жастардың көңілі неге толмайды?

Денсаулық сақтау, ғылым, өндіріс, энергия, экология, спорт саласында қандай нақты өзгерістер жүзеге асырылмақ? Ғимарат, тұрғын үй тұрғызғанда қауіпсіздік шараларын қалай ескеру керек? Жол, көпір салу ісінде кемшілік қашан жойылады?

Бәлкім, жоба-жоспарлар бәзбіреулерге белгілі шығар, бірақ сұраққа қарағанда қалың жұрт мүлдем хабарсыз отырған сыңайлы.

Құндылықтар туралы жалпылама қысыр әңгіме айта бергеннен гөрі тиісті орталық басқару құрылымдары аты аталған және аталмаған мәселелерді шешуді қолға алмаса, сұрақ үстіне сұрақ жабыла беретін түрі бар. Олар ай асырып, тоқсан аралатып өз есептерін жариялап тұрса – халық үніне құлақ асқаны, Президент тапсырмасын орындағаны, тәуелсіздік құндылықтарына қамқорлық танытқаны.

Міне, халық көкейінде осы және басқа да сұрақ туындамас үшін аянбай еңбек ету – бүгінгі таңда жұмысты жаңаша ұйымдастыру, яғни ел үшін, оның болашағы үшін батыл іс-әрекетке көшу ретінде қабылданары сөзсіз.

Барлық салада, әр түрлі қызметте саннан гөрі сапаға мән беру – құндылықтарды екшеп, оларды қорғаумен тең. Бұл – ертеден жалғасып келе жатқан тарихи дәстүр, қалыпты үрдіс.

Кезінде атағы жер жарған билеуші Әмір Темір: «Мемлекет жұмысының оннан тоғызы кеңес-мәслихатпен, қалған біреуі ғана қылышпен жүзеге аспақ» деп бекер айтпаса керек.

Әрине, қазір халқымыздың көзі ашық, сауатты. Қатысушылар үлкенді-кішілі жиналыстардың, жиындардың көкейтесті тақырыбына, маңызына, сапасына мән береді. Өкінішке қарай, көбінесе олар дайындықсыз, формальді, таптаурын форматта өтеді. Сондықтан нәтижесі де мардымсыз болады, ал қабылданған шешімдер сөз жүзінде қалып қояды. Оның орындалуы үшін заңның үстемдігі, тәртіптің қатаңдығы және биліктің талап ету жүйесі болуға тиіс. Сонда ғана биліктің үш тармағы халыққа жақындай түседі. Есесіне халықтың билікке арқа сүйеуі, сенімі қалпына келеді.

Қорыта айтқанда, ғасырлар бойы елмен бірге жасасып келе жатқан, еңбек пен ерлік, жауапкершілік пен білік туғызған құндылықтар бар. Олардың қадірі бағалаумен, қастерлеумен ғана артады. Қалғаны – құр әуре, бос әңгіме, арам тер ғана. Уақыт, әлем бір орнында тұрмайды.

*«Бетеге кетсе, бел қалар,*
*Бектер кетсе, ел қалар,*
*Берекең кетсе, нең қалар?»* дегендей, ел жағдайын ойлайтындарды қара басын күйттейтіндер алмастыра алмайды. Даму мен парасат заңы қандай жағдайда да құндылықты қастерлеуге мойынұсындырады.

**Дархан МЫҢБАЙ,**
**мемлекет және қоғам қайраткері**

# АБЫРОЙ БИІГІНДЕГІ АЗАМАТ

Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген тағылымды сөз бар. Осы сөзді бүгінгі кейіпкерім, ақмолалық абыройлы азамат Зейнолла РАХЫМҰЛЫНА қаратып айтсам артық кеткенім емес.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының басы. Сілеті аудандық партия комитетінде істеп жүрген кезім. Бірде кабинетіме бойына ақшыл сұр костюмі жарасқан, орта бойлы аққұба жігіт кіріп келді. Жанында ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Владимир Марченко бар.

– Менің әріптесім – облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Зейнолла Рахымұлы Шибкенов, – деп таныстырды әлгі жігітті Владимир Иванович.

Содан Зейнолла інімммен бірден ана тілімізде сөйлеп кеттік. Қазақшасы өте жақсы, бұл кісіден бұрын келіп жүргендер ресми тілде сөйлесуге тырысатын. Қазақи дәстүрмен бір-бірімізбен жақын таныса бастадық. Зейнолла Рахымұлы қаймағы бұзылмаған, тәуірлердің шыққан жері – Жаңаарқа өңірінде туып, Омбының теміржол институтын бітіріп, жолдамамен Ақмола теміржол басқармасына қызметке келіп, осы қалада тұрақтап қалыпты.

Жолдама дегеннен шығады, сөздің реті келгенде айтып кетейін. Кеңес дәуірінде «жұмыссыздық» деген термин болмайтын. Ол кезде еңбек етпегенге шара қолданылатын. Қазір бірнеше дипломы барлар жұмыс таппай, кейбіреулері отбасын асырау үшін базарда арба сүйреп жүр. Әрине, бұл нарықтың заңы шығар, сонда да жүйелі, жоспарлы түрде жұмыс жүргізілсе, жұмыссыздықтан толық айырылмасақ та, көрсеткішті төмендетуге болар еді деп ойлаймын. Таяуда «Астана ақшамы» газетінде жалған статистика туралы мақаланы оқыдым. Шындығында да, статистиканың көрсеткен цифрынан жұмыссыздар саны әлдеқайда жоғары.

Зейнолла Рахымұлы куратор ретінде ауданға жиі келіп жүрді. Тіпті жылы жақындасып, ескі таныстай болып кеттік. Қызметке келгеннен кейін



осында ерейментаулық арумен отбасын құрып, балалы-шағалы болды. Қазақша айтқанда, Ақмола облысына күйеу бала болыпты. Теміржол саласында жүргенде коммунистік партияның қатарына өтіп, қоғамдық жұмысқа белсене араласа бастайды. Осыны байқаған Целиноград қалалық партия комитеті қызметке шақырыпты. Целиноград қаласы тоғыз жолдың торабында, төрт жаққа шығатын теміржол бағыты осы қалада түйіскен.

Ол кезде халықтың негізгі көлігі де пойыз, халық шаруашылығы өндірісінің жүктерін таситын да пойыз болды. Қалалық партия комитетінің Зейнолла Рахымұлы істеген бөлімі негізгі бөлімдердің бірі тұғын. Осы жұмыста тіс қағып, тәжірибе жинаған және зор жауапкершілікпен атқарғанын байқаған облыстық партия комитеті оны өздерінің аппаратына алады. Мұнда ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарады. Осылай еңбек етіп жүргенінде, 90-жылдардың басында коммунистік партия ыдырап, кеңес өкіметі құлап, барлық республика егемендікке қол жеткізді. Егеменді елімізде қиын жылдар басталады. Осы кезде Қазақстанның азаматы, онымен қоса тәжірибелі қызметкер ретінде халық шаруашылығын жандандыру үшін Зейнолла Рахымұлы әртүрлі жауапты қызмет атқарды.

Өзімен қызметтес болған Сансызбай Есілов әріптесі жайлы былай дейді: «Зекен жұмысқа өте ұқыпты еді. Тапсырылған шаруаны білгірлікпен орындауға тырысатын. Соңғы уақытта қалалық Қоғамдық кеңестің мүшесі болды. Мұнда да бұл кісінің белсенділігін байқадық. Халық шаруашылығына ең қажеттілердің бірі вагондар болды. Осы «Вагон жөндеу зауытының» қалыпқа келіп, өнімінің артуына зор үлесін қосты. Осы зауыттың бас директоры қызметін атқарды. Зейнеткер ретінде қалалық Ардагерлер кеңесінің жұмысына да белсене араласып жүр».

Ал қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Сатыбалды Жұмағатов болса «Өзімнің байқауымша, өте кішіпейіл, қарапайым азамат. Кездескенде адамды өзіне тартып тұрады. Еңбегінің жемісі – «Парасат», «Құрмет» ордендері, «Қазақстанның құрметті теміржолшысы» белгісі» дейді.

Кезінде Шерхан Мұртаза «жетпіс» деген сөз жеттім, пістім деген мағынаны береді деп айтыпты. Олай болса біз де жетпіс жасына жетіп отырған Зейнолла Шибкеновтің қоғам үшін әлі де берері көп болатынына сеніммен қараймыз.

Естуімше, Зейнолла бауырым ептеп сырқаттанып жүрген көрінеді. Тезірек айығып, жазылып, қатарымызға қосылуыңызға тілектеспіз. Жетпістің жотасына шықтыңыз, енді сексеннің сеңгіріне, тоқсанның төріне шығыңыз демекпін!

**Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,**
**Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі**

2022 жылдың басынан бері ел аумағында пайдаланылмай жатқан және ауыл шаруашылығына заңсыз берілген 7,8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мәлім етті.

# ЖЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛЫП ЖАТЫР

Мәселен, Қарағанды облысында – 1,5 миллион гектар; Қостанайда – 738 мың гектар; Ақтөбеде – 745 мың гектар; Түркістанда – 631 мың гектар; Павлодар облысында 532 мың гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Республикада жер пайдаланушыларға қатысты 5,5 миллион гектар аумақта 2410 жоспардан тыс тексеру тіркелді. Тексеру нәтижесі бойынша 3,1 млн га аумақта жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы 1597 ұйғарым шықты, 240,9 мың га аумақ бойынша 246 материал сотта қаралуда.

Сонымен бірге қабылданған шешімдердің заңдылығына ЖАО-ға қатысты жоспардан тыс тексеру нәтижесі бойынша 526,3 мың га аумақта ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру туралы ЖАО-ның 515 заңсыз шешімі анықталды, оның ішінде 135 шешім жойылды, қалған 380-і бойынша олардың күшін жою жұмысы жүргізілуде.

# МЕКТЕПТЕ ХИДЖАБ КИЮГЕ БОЛА МА?

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Үкімет отырысында Қазақстан мектептерінде хиджаб кию туралы айтты.

Министр алдымен заң талаптарына сәйкес барлық оқушы сабаққа мектеп формасымен келуі керек екенін еске салды.

«Сіз мұны жақсы білесіз. Бұл білім алуға тең мүмкіндіктер беру аясында жасалып жатыр. Бұл тұрғыда ешбір өзгеріс жоқ – барлығы заң аясында және бекітілген талаптар аясында. Мектепке бекітілген мектеп формасымен бару керек» деп жауап берді министр журналист сұрағына.

Журналистердің мектепке хиджаб киюге тыйым салынады ма деген нақты сауалына министр: «Мектептегі формаға қандай талаптар қойылады, солай болуы керек» деп жауап берді.

Ғани Бейсембаевтың айтуынша, ата-аналар мектепке барудың басты мақсаты – сапалы білім алуды түсінуі керек.

«Біз осыдан шығуымыз керек, бұл жерде басқа мәселелерді шатастырып жатудың қажеті жоқ. Бала сапалы білім алуы керек, бұған ата-ана заң бойынша өз үлесін қосуы керек, бәріміз заңның талабын орындауымыз қажет. Бұл жерде бір нәрсе бар. Конституцияда зайырлы мемлекетіміз бар деп жазылған. Сондықтан балалар мектеп формасын киіп, мектепке мектеп формасымен келуі керек. Бұл – талап. Бұл тұрғыда ешнәрсе өзгерген жоқ» деді министр.

**ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!**

2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасында электр энергиясын бірыңғай сатып алушы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізе отырып, электр энергиясын сатып алудың жаңа моделі енгізілді. Электр энергиясын сатып алудың қазіргі моделі энергиямен жабдықтаушы компаниялар үшін электр энергиясының өзіндік құнын айтарлықтай арттырды, сонымен қатар энергиямен жабдықтаушы компаниялар жабдықталатын электр энергиясы үшін міндетті тәуліктік **алдын ала төлем жасалуы керек.**

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды назарға ала отырып, «Астана қалалық жарық» ЖШС электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушылар тобы үшін 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап электр энергиясын жеткізуге тарифтердің жоғарылауы туралы келесі санаттар бойынша хабарлайды:

– Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын заңды тұлғалар үшін (1 ЭБҰ) – ҚҚС-сыз 1 кВт үшін 26,80 теңге.

– Тұрмыстық қажеттіліктер үшін емес электр энергиясын пайдаланатын заңды тұлғалар үшін («Ақмола АЭК» АҚ үлестік берілуімен 1 ЭБҰ-дан астам) – ҚҚС-сыз 28,89 теңге 1 кВт.

– Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын заңды тұлғалар үшін («Ақмола АЭК» АҚ-тың 100% беруімен 2 ЭБҰ-дан астам) – ҚҚС-сыз 1 кВт үшін 32,00 теңге.

**Құрметпен,**
**«Астана қалалық жарық» ЖШС әкімшілігі**

**ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!**

Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС бірлесіп елорда тұрғындарын **2035 жылға дейінгі Астана қаласының бас жоспары** жобасының (бұдан әрі – жоба) **қоғамдық талқылануын жалғастыруға** шақырады.

**2023 жылғы 25 тамызда Астана қаласы, Республика даңғылы, 34 мекенжайындағы Жастар сарайында қоғамдық талқылау өтеді.**

**Басталуы: сағат 10:00.**

Жобаға ұсыныстар мен ескертулерді smgp@astanagenplan.org.kz электрондық поштасына жолдай аласыздар.

Елорда өміріне белсене қатысқаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жақында Қытай төрағасы Си Цзиньпин басқарып ашқан бір жиналыста қытайлық шенеуніктер мен экономистер ел экономикасының жаңа қиын сынақтарға дөп келгенін ашық мойындады. Шын мәнінде, Қытай экономикасының баяулауы 2021 жылдан басталған еді. Сарапшылар Қытай экономикасындағы көрсеткіштің күрт төмендеуіне бастысы электр қуатының жетіспеушілігі салдарынан зауыттар жұмысының тоқтауы, елдегі ең ірі компанияларының бірі Evergrande 300 миллиард доллар қарызын өтей алмай дефолтқа ұшырауы, ішкі сұраныстың төмендеуі, күрделі және құбылмалы халықаралық саясаттың әсері мұрындық болды деп санайды. Әрине, көрші ел экономикасының қуаттанудан құлдырауға бет алуында басқа да себептер баршылық.

# ҚЫТАЙДАҒЫ ДАҒДАРЫС: СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ



Қытайда қазір тұтынушылардың сатып алу қуаты әлсіреп, өндірушілер өз өнімін нақты бағасына сата алмай, елде дефляция қаупі артты. Тұтыну тауарларының жалпы бөлшек саудасы да, өнеркәсіптің қосымша құны да шілде айында экономистер күткеннен әлдеқайда төмен болды және жылжымайтын мүлікке салынған инвестиция күрт азайды. Сонымен қатар, елдегі жылжымайтын мүлік секторындағы жағдай да барған сайын нашарлап барады. Сарапшылар бұл мәселе елдің бүкіл экономикасына ықпал етеді деп алаңдап отыр, өйткені Қытайда құрылыс нарығы елдің ЖІӨ-нің шамамен 25 пайызын құрайды.

Жақында The New York Times Қытайдың жылжымайтын мүлік саласының жағдайына жасалған талдауын жариялады.

«Елдегі Country Garden компаниясы қарыз қайтаратын уақытын кешіктіргендіктен, дефолт шегіне жетті. Демек, Қытай экономикасы үлкен қиыншылық алдында тұр. Мұның бәрі үш жыл бұрынғы қытай билігінің құрылыс компанияларына қаратқан қатаң саясатына қатысты» деп жазады басылым.

Жалпы соңғы 30 жылда Қытай халқы қалаларға ағылып, нәтижесінде жылжымайтын мүлік секторы экономиканың драйверіне айналды, ол күні кешеге дейін елдің барлық экономикалық қызметтің төрттен бірінен астамын иеленіп келген еді. Алайда қазір сұраныс төмендеп, жылжымайтын мүлік бағасы арзандады. Ірі қалаларда үй сатылмай, бұрын қарызданып бір басына неше үй алып алған тұрғындар берешегін төлей алмайтын күйге жетті. Елдің 70 ірі және орта қаласында тұрғын үй бағасы күрт төмендеді. Сондай-ақ өткен 24 айда пайдаланылған тұрғын үй мәмілесінің бағасы 14 пайызға дейін құлдыраса, 2023 жылдың шілдесінде Қытайдың 100 ірі құрылыс компаниясы салған жаңа үйлердің сатылымы өткен жылмен салыстырғанда 33 пайызға дейін төмендеген. Соның салдарынан соңғы үш жылда 60-қа жуық қытайлық құрылыс компания дефолтқа ұшырады.

Сонымен қатар АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысынан кейін көптеген қаржы салушы Қытай нарығынан кете бастады. Елдегі қалталы байлар да саяси жағдай мен экономикалық ахуалдың болашағына алаңдаушылық танытып, жиған қаржысын шетел асырып, қауіпсіз елде сақтауға ұмтыла бастады. Бұған мысал ретінде соңғы 2 аптада инвесторлар қытайлық акциялардан 7,5 миллиард долларын алып кеткенін айтуға болады. Бұл онсыз да тығырыққа тірелген қытайлық акция нарығына «жығылғанға жұдырық» боп тиді.

Әрине, Қытай экономикасының осыған дейін ұшқан құстай дамуына, бастысы, бұл елде аса көп әрі арзан еңбек күшінің болуы, шетелдік инвестицияның молдығы, сондай-ақ урбанизация аяқ алысының тездігі мен сыртқы сауданың жедел дамуы аса көрнекті ықпал жасағаны жасырын емес. Алайда бүгінгі таңда соның бәрі керісіне айналған күйге тап болды. Атап айтқанда, еңбек күші қымбаттады, аралдарға талас пен Қытай оңтүстік теңізіндегі текетіреске байланысты Қытайдың теңіз тасымалы да күтпеген кедергілерге тап болды. Әсіресе АҚШ қысымынан кейін шетелдің ірі компаниялары бұл елден кетіп, Шығыс Азияға қарай бет бұруы ел экономикасына қатты әсер етіп қана қоймай, жұмыссыздық жағдайын да күрт асқындырды. АҚШ-тың Қытайды алқымнан алуы бұрын шетелден техника ұрлап, атақты брендтердің көшірмесін жасап байыған Бейжіңнің берекесін қашырды. Қытайға чип сату саудасына да шүйілігіп, оған шектеу қоюы және оны Ұлыбритания, Жапония сияқты одақтастарының қолдауы, Huawei сияқты компаниялардың шетел нарығында шектеуге ұшырауы да ел экономикасына үлкен ықпал жасады. Тұрғындарының қарттануы, ұзақ жылдық жоспарлы туу саясатының әсерінен бір үйде өскен жалғыз баланың жатып ішер жалқау болуы, елдегі табиғи байлықтың барған сайын азаюы, экологиялық тепе-теңдік бұзылып, қалалардың зор дәрежеде ластануы да елдің дамуына тұсау болуға айналды. Ақшаның артық басылып шығуы, өндірген өнімдердің сұраныстан асып қалуы, инфляцияның артуы, тұрғын үй бағасының шарықтауы себебінен экономика көбіктенді. Міне, осы себептерден жылдам даму жолына түскен Қытай экономикасының өсу қарқыны тоқырауға бет алды.

Экономиканы ынталандыру үшін Қытайдың Орталық банкі жақын арада банктердің резервін азайтуды көздеп отыр. 2023 жылы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсу қарқынының орташа болжамы 5,5 пайыз деп мөлшерленген еді. Алайда экономистер мұнымен келіспей, «биыл ЖІӨ асса, 4,9 пайыз болады, тіпті 4,5 пайызға дейін төмендеуі мүмкін. Келесі жылы өсу қарқыны одан да төмендеп, ЖІӨ 4 пайызға түседі» деген пікірде. Сондай-ақ Қытай билігі өткен аптада жастар арасындағы жұмыссыздық туралы мәліметтерді жариялауды тоқтататынын жариялады. Өйткені соңғы кездері бұл елде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 21,3 пайызға өсіп, рекорд деңгейіне жетті.

Қысқасы, әлемдік экономиканың драйвері атанған Қытай экономикасы қазір үлкен тоқырауға бет алды. Көрші елдегі бұл жағдайды 2008 жылғы әлемдік экономикалық дағдарыспен салыстырып отырғандар да бар. Өйткені Қытай экономикасы күйресе, әлемдік нарыққа да үлкен ықпал жасайтыны анық. Ал Орталық Азияға қандай ықпал жасауы мүмкін? Оны да тұспалдап көрейік.

**Біріншіден,** сауда-саттық азайып, инвестиция қысқарады. Қытай – Орталық Азиядағы елдердің маңызды сауда серіктесі әрі инвесторларының бірі. Мұндағы экономикалық дағдарыс Қытайдың Орталық Азия елдерімен саудасының қысқаруына әкеліп соғуы мүмкін, осылайша Орталық Азия елдерінің экспорты мен экономикалық өсуіне әсер етеді. Сонымен қатар қытайлық инвестицияларға сүйенетін кейбір Орталық Азия елдерінің инфрақұрылымы мен экономикалық жобаларына әсер етеді.

**Екіншіден,** энергия тасымалдаушыларға сұраныс төмендейді. Қытай – Орталық Азия елдеріндегі мұнай мен табиғи газ сынды энергияның маңызды тұтынушысы. Қытайдағы экономикалық дағдарыс оның энергия тасымалдаушыларға деген сұранысының төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде Орталық Азия елдерінің энергия тасымалдаудан түсетін табысына әсер етеді.

**Үшіншіден,** шетелдік көмек азаяды. Егер Қытайда экономикалық дағдарыс асқынса, ол шетелдерге берілетін көмекті еріксіз азайтады. Бұл жағдайда қаржы қажет болса, Қытайдың алдына баратын Орталық Азия елдеріне үлкен ықпал жасайды.

**Төртіншіден,** юань бағамы аутқиды. Қытайдағы экономикалық дағдарыс юаньның зор дәрежеде құнсыздануына әкелуі мүмкін. Бұл Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы сауда мен қаржы алмасуына әсер етеді.

**Бесіншіден,** геосаяси жағдайға да әсер етеді. Қытай экономикасындағы дағдарыс аймақтық саяси тұрақтылық пен геосаяси модельдерге де әсер етуі ықтимал. Сол үшін Орталық Азия елдері Қытай экономикасына тәуелділікті азайту үшін басқа серіктестер табуға талпынады. Өйткені қазір Ресейдің экономикалық жағдайы да мәз емес. Былайша айтқанда, Орталық Азия елдерінің қос бірдей «қолдаушысының» жағдайы нашарлап барады. Мұның соңы жаңа серіктес табуға итермелейтіні анық. Ал «аттан түссе де, үзеңгіден түспейтін» Қытай мен Ресей қалайда Орталық Азия елдерін уысынан шығармауға тырысады.

# ТРАМП КЕПІЛДІКПЕН ЖІБЕРІЛДІ

АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамп 2020 жылғы сайлау нәтижесін бұрмалау туралы сот процесі басталғанға дейін бостандықта болу үшін 200 мың доллар ақшалай кепіл қоюға тиіс. Джорджия штаты Фултон округтік сотының судьясы Скотт Макаффи осындай үкім шығарды.

Судья сот процесі басталғанға дейін Трамптан осы іс бойынша айыпталған куәгерлерді қорқытпауды, сот төрелігіне кедергі келтірмеуді талап етті. Судья бұл айтылғанның бәрі Трамптың әлеуметтік желідегі мәлімдемелеріне де қатысы барын ескертті.

Дүйсенбіде Дональд Трамптың адвокаттары мен аудандық прокурор Фани Уиллис судья қойған шартқа келісті. Ақпаратқа қарағанда, келісім аясында, әдетте, қамауға алынған адамды ұстау немесе кепілмен босату туралы шешім қабылданатын сот отырысы өтпейді. Сондықтан Трамп ресми түрде қамауға алынып, дереу босатылады. Джорджия штатының ережесіне сәйкес, одан саусақ ізін алып, суретке түсіру керек. Дональд Трамп әлеуметтік желідегі парақшасында осы процедурадан өтуге бейсенбіде Атлантаға келетінін хабарлады.

Дональд Трампқа байланысты сот процестері президент сайлауы науқаны кезінде өтуі мүмкін. Джорджия штатының прокурорлары сот процесін наурыз айында бастауды ұсынды. Ал Трамптың сайлау нәтижесін бұрмалау туралы сот процесі мамыр айына жоспарланған.

